

KÚN TÁRTIBI

**АЗАМАТТАР ӘКІМНІҢ
ҚАБЫЛДАУЫНДА
БОЛДЫ**

3-бет

SAIASAT

**ӘР САПАРЫНЫҢ
МАҢЫЗЫ ЗОР**

5-бет

JASTAR

**ЖАРҚЫН ІСТЕР
БАСТАУЫ**

7-бет

DENSAÝLYQ

**ТИІМДІЛІГІН
ТҮСІНДІРДІ**

12-бет

1 ЖЕЛТОҚСАН – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ КҮНІ ЕЛБАСЫ СЫНҒА ТҮСКЕН СӘТ

Тәуелсіздік бізге оңайлықпен келмеді деп жатамыз. Ата-бабаларымыз ұлан-байтақ жерімізді ақ білекті күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғағаны аян. Осы тұрғыда сыртқы жаулардан қорғанып, ішкі кикілжіңді басуда сарабдал сөз өнерінің, байыпты дипломатияның маңызы зор болғанын атап өтпеске болмайды. Арғы тарихты қозғасақ, Қаз дауысты Қазыбек бидің Абылай сұлтанды жоңғар тұтқынынан босатарда қонтайшыға қарата «Біз қазақ деген мал баққан елміз» деп басталатын аталы сөздері сол кездегі дипломатиялық өнердің шыңы деп бағалауға болады. Адел шежіресінен ерекше орын алатын билер институтынан талай шиеленіскен дауды бір ауыз сөзбен шешкендігі туралы мысалдар жеткілікті.

Еліміз Тәуелсіздік алар тұста, яғни өткен ғасырдың сексенінші жылдарының соңында бастан кешкен оқиғаларды еске алып көрейікі. Экономика қожырап, түрлі ереуілдер мен қантөгістер белең алды. Саясатта баяндылық болмай, бір кездегі «мызғымас Одақтың» іргесі шайқалды. Халық ертеңгі күні не боларын білмей абдырап қалды. Міне, осындай қысылтаяң шақта еліміздің саяси аренасына Нұрсұлтандай ұлы шығып, туған халқының қолын егемендікке, тәуелсіздікке жеткізді. Бұл туралы, әрине, аз жазылған жоқ. Сонда да билығы Тәуелсіздік күні мерекесі аясында кезінде баспасөз бетінде жарияланған материалдарға сүйене отырып, бұдан 27-30 жыл бұрынғы оқиғаларға көз жүгіртсек. Сөйтіп, бір ғана Қарағанды облысының мысалында Елбасымыздың аталған саяси үрдістерде шыныққан мектебі, алған сабақтары мен атқарған рөлін сол екі-үш жыл көлеміндегі қызметі арқылы баяндап көрсек.

1989 жылдың маусым айында Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан коммунистік партиясының тарихында тұңғыш рет жасырын дауыспен партияның Орталық комитетінің бірінші хатшысы болып сайланды. Конституцияның 6-бабына сәйкес Компартия совет қоғамының басқарушы және бағыт беруші күші болғандықтан, оның 1-хатшысы (Одақта – Бас хатшы) іс жүзінде республиканың бірінші басшысы болып есептелетін. Әрине, одақтық басшылықтан кейін. Осының алдында республика Министрлер кеңесінің төрағасы, одан бұрын Орталық комитеттің өнеркәсіп саласы бойынша хатшысы қызметтерін атқарғандықтан бұл шешім көпшіліктің қолдауын тапты. Көп ұзамай қазақ елінің бірінші басшысының басына үлкен ауыртыпшылық түсіп, зор сынақтан өтуіне тура келді.

Сол жылы 19-21 шілде аралығында КСРО-дағы жетекші көмір бассейндері шахтерлерімен үндесе отырып, Қарағанды кенішінде де кеншілердің үлкен ереуілі бүрк ете түсті. Шахтерлер экономикалық талаптар қойып, әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерін шешуді талап етті. Жұмыстарын доғарып, қаланың орталық алаңында үш күн бойы жатып алды. Ереуіл комитеті деген құрылып, оның басшылары шешілмей жатқан проблемаларды сылтауратып, жұртты дүріктіріп, өздеріне саяси ұпай жинады.

►► 4-бетте



Құрметті жезқазғандықтар және қала қонақтары!

Сіздерді мемлекеттік мереке Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

1991 жылдың 1 желтоқсанында ел Президентінің алғашқы жалпыхалықтық сайлауы өтті. Бұл күні Тәуелсіз Қазақстанда Президенттік институт мәртебесі бекітілді. Тәуелсіз Қазақстанның тарихы оның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың есімімен тығыз байланысты. Елорданы Алматыдан Астанаға көшіру, ұйымдармен халықаралық келісімдер және көп векторлық саясат Қазақстанға өзін дамуы тұрақты демократиялық ел ретінде көрсетуге мүмкіндік берді.

Бүгінде мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Елбасының парасатты және көреген стратегиясын жалағастыра отырып, қоғамның бірлігін қамтамасыз ету және әрбір азаматтың құқықтарын қорғау және Қазақстанның ұлттық мүдделерін қорғау мақсатын алға қойып жүзеге асыруда.

Тұрақтылықты сақтаудың арқасында ел азаматтары алдында одан ері есіп-еркендеу үшін жаңа мүмкіндіктер ашылуда. Тек білімді, заманауи технологияларды, кәсіпкерлікті мүмкіндіктерін меңгергенде ғана, біз қол жеткен жетістікті сақтап, дамуың жаңа даңғылына шыға аламыз.

Осы айтулы мерекеде баршаңызға зор денсаулық, бейбітшілік пен жақсылық тілейміз! Ізгі бастамаларымыз нәтижелі, ал болашағымыз жарқын болсын! Мереке құтты болсын!

Жезқазған қаласының әкімі Қ.БЕГІМОВ
Жезқазған қалалық мәслихатының хатшысы С.МЕДЕБАЕВ

МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

ЕШКІМ СУСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

Жезқазғандықтар үшін ауыз су мәселесі қашаннан бері өзекті. Айта-айта жауыр болған тақырыпқа қала басшысының орынбасары Нұржан Орынбаев «Дидар» телеарнасының баспасөз клубында өткен брифингте қайта оралды.



– Соңғы кездері суды беру қысымының төмендігіне шағым айтушы қала тұрғындарының қатары көбейді. Шынында, бұл мәселе 19-20 қарашада өткен жоспарлы жөндеу жұмыстарынан кейін орын алды деп қалаға негіз бар. Атап айтқанда, ескі, солтүстік су тартқышында көлденең кесу жүргізілген еді. Қазіргі таңда қала тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз ету бір жүйеге келді. Дегенмен, кейбір көп қабатты үйлердің жоғары қабаттарына судың келу қысымы төмен. Осы ретте жауапты мекеме қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолушылар келімі мен автомобиль жолдары бөлімінің мамандары қалалық сумен жүйелен жабдықтау кәсіпорнының жұмыскерлерімен бірлесіп шағымда көрсетілген мекенжайларға арнайы барып, тексеру жұмыстарын жүргізіп, акт толтырды, – деді брифингте Нұржан Серікұлы.

Сондай-ақ, ол мамандардың аралауы кезінде тұрғындар шағымдарының барлығы бірдей расталмағаны, кейбір тұрғын үйлерде ауыз су құбыры желісінің үйшілік бөлігінде ақау болғаны анықталғаны да атап өтті. – Осы ретте пәтер иелері кооперативтеріне нұсқаулықтар берілді. Ал, Мир даңғылы 37, Мұса Жәлел көшесі 9, Ғарышкерлер бульвары 24 пен Момышұлы көшесіндегі 24-үйдің ауыз су желісінің ақауларын жоюға сумен жүйелен жабдықтау кәсіпорны кірісіп кетті. Жезқазғандықтарды ауыз су, сондай-ақ, жылу беру мәселелері алаңдатын болса қала әкімдігінің қабылдау бөлімінде тәулік бойы жұмыс жасайтын диспетчерлік қызметке 73-61-35, 73-65-94 телефон байланысы арқылы хабарласып, өтініш білдіруге болады. Біз ешбір тұрғынның шағымын назарсыз қалдырмаймыз, – деп жезқазғандықтарды сабырға шақырды.

Өз тілшіміз

КІТАПХАНА КӨКЖИЕГІН КЕҢЕЙТКЕН

Ағылшын тілін тәржімалағанда «бірлесіп жұмыс істеу» деген мағынаны білдіретін «Coworking» орталықтар мысты қала төрінде көптеп ашылуда. Бұл жолғы коворкинг орталықтың басты ерекшелігі – кітапхана орналасуы. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында С.Сейфуллин атындағы кітапхана базасында ашылған коворкинг орталықтың ашылуына Жезқазған қаласы әкімі Қайрат Бегімов пен қала тұрғындары қатысты. Тұңғыш Президент күніне тарту ретінде ашылған орталық – қала жастарына мол мүмкіндіктер сыйламақ.

– Сіздерді «Coworking» орталығының ашылуымен шын жүректен құттықтаймын. Мен өзім бұл кітапханаға 1988 жылы келген болатынымын. Сол уақыттан бастап жиырма алты жыл кітапхана саласында қызмет еттім. Оның он сегіз жылында осында басшылық қызмет атқардым. Алғаш бұл кітапхана ашылғанда тек бір ғана бөлме болатын. Сол бөлмені кітап сөрелерімен бөліп, жеке кабинеттер жасадық. Кітаптарымызды әр түрлі мекемелердің жергіліктілерінде сақтайтынбыз. Одан кейін заман тәуелді. Осындай заңғар, үлкен кітапхана ғимараты пайдалануға берілді. Кітапханамызға ұлы ақын ағамыз Сәкен Сейфуллиннің аты берілгенде қуанышымызда тіптен шек болмады. Міне, бүгін коворкинг орталығы ашылып жатыр. Бұл – қала тұрғындарына үлкен көмек, – деген кітапхана саласының ардагері, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері Кәбира Қариева жиналған жұртшылыққа жастық шағын және кітапханашы



мамандығының қызығы мен шыжығын баяндап берді.

Одан әрі жастар атынан сөз сөйлеген «Жас ұлан» бірінші балалар мен жасөспірімдер ұйымының Қарағанды облыстық филиалының директоры Нұрболат Кұлбай жастар игіліне барынша жағдай жасап жатқан қала әкіміне үлкен алғысын білдіріп, арқан үмітін абыроймен алып жүретіндігіне сендірді. «Coworking» орталықтың тұсаукесер лектасын қиған Кәбира Қариева мен Нұрболат Кұлбай қонақтарға орталық ішін таныстырды. Орталықтың

тек қағаз жүзіндегі мекеме болып қалмауына қадап айтқан Қайрат Бегімов Нұрболат Кұлбайға осы орталықта алдағы уақытқа белгіленген жоспарлар тізімімен таныстыруды және «Үздік бизнес жоба» конкурсына қатысатын жастардың санын көбейтуді тапсырды. Және жобаға сай, бөлінетін қаржы көлемін де арттыратынын жеткізді. Орталық таныстырылымынан кейін шара Жезқазған филармониясы өнерпаздарының концерттік бағдарламасымен қорытылды.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА ПӘТЕР АЛДЫ



Алты балалы Амангелді Байкенжинов және Анар Жұмағұлова отбасыларына Сейфуллин көшесіндегі және Мир даңғылындағы көп қабатты үйлерден үш бөлмелі пәтер берілді. Көп балалы отбасыларға пәтер кілттерін қала әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова табыс етті.

– ҚР Тұңғыш Президенті күні қарсаңында қаламызда осындай қуанышты оқиғаға күе болып отырмыз. Мемлекет басшылығы қашан да әлеуметтік мәселелерге жіті көңіл бөледі, оның ішінде көп балалы отбасыларды қолдау шаралары кеңінен жүзеге асуда. Соның бір дәлелі – бүгінгі

Жезқазғандық екі көп балалы отбасыға Тұңғыш Президент күні қарсаңында 3 бөлмелі пәтер кілті табыс етілді.

кездесуіміз. Міне, мемлекеттік қолдаудың арқасында қаламызда екі көп балалы отбасы пәтерге ие болып отыр, – деді Зина Жұманазарқызы.

Пәтер кілтін алған отбасылар он жылдан астам баспана кезегінде тұрғандарын айтып, жаңа жылды жаңа баспанада қарсы алу мүмкіндігі туғанына қуаныштарын жеткізді.

– Үй кезегінде 2006 жылдан бері тұрамын. Аралықта 2 бөлмелі пәтер берілген. Бірақ, отбасымыз көпбалалы болғандықтан баспана аумағын кеңейту тізімінде тұрдық. Міне бүгін, осындай қуанышқа көніліп жатырмыз. Мемлекет басшылығына, қалалық әкімдікке қамқорлықтары үшін алғыс айтамын, – деді пәтер кілтін алып тұрып Амангелді Алияқарұлы ризашылығын білдіріп.

Осы ретте биыл республикалық бюджеттен арнайы қаражат бөлініп, қаладағы баспана кезегінде тұрған көп балалы отбасыларға жеке кезекпен пәтер алу мүмкіндігі туып отырғанын атап өткен жөн. Жыл соңына дейін осындай барлығы 37 отбасы баспаналы болады. Бүгінде қала бойынша баспана кезегінде тұрғандар саны 2457 адамды құраса, оның ішінде 192-сі – көп балалы отбасылар.

Дархан МҰХАН
Суретті түсірген
Ғалия ӘБДИҒАППАРОВА

«SARYARQA» АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІНЕ 2020 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ БАСТАЛДЫ

Құрметті оқырман!

Жезқазған-Ұлытау аймағының ақпарат айнасы «Saryarqa» газетіне 2020 жылға жазылу басталғанын хабарлаймыз. Газетке жазылу бағасы мен шарттары өзгерген жоқ, барлығы – жылдағыдай.



Газетке бір жылға жазылу бағасы

Жеке тұлғалар үшін

Мекен жайға жеткізіп беру – 4000 теңге;

Редакциядан келіп алу – 3000 теңге;

Заңды тұлғалар үшін

Мекенжайға жеткізіп беру – 7000 теңге;

Редакциядан келіп алу – 6000 теңге.

Қосымша ақпарат үшін байланыс телефондары:
8 7102 71 00 55, 77 50 25

■ ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: сенімге – серпін!

МЫҚТЫ МЕМЛЕКЕТ МЫҚТЫ ЗАҢ ЖҮЙЕСІНЕН ҚҰРЫЛМАҚ

Жыл сайын республикамызда сот жүйесін нығайту мен жаңашаландыру бағытында ауқымды шаралар жүзеге асырылып жатыр. Сот саласына қарасты жүргізіп отырған реформалар заң саласындағы кемшіліктердің орнын толтырып, одан әрі дамуына түседі, сонымен қатар, құқықтық жүйесі дамыған нағыз конституциялық мемлекеттің іргетасын мығым етуге бағытталғаны шындық. Соның бірден-бір айғағы – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылдың 2 қыркүйегінде «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауының іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының бекітілуі.



Сот және құқық қорғау жүйесіндегі күрделі реформалар – азаматтарымыздың құқықтарын қорғаудың және олардың қауіпсіздігін күшейтудің негізгі факторы. Сот шешімдерінің сапасын арттыру үшін бірқатар маңызды шараларды жүзеге асыру қажет. Судьялардың заңды және ішкі сенімді басшылыққа алып, шешім шығару құқығы мызғамас сипатқа ие. Дегенмен, сот шешімдерін мұқият талдау жұмысын жолға қойып, бірыңғай сот тәжірибесін орнықтыру қажет. Азаматтарымыз жария-құқықтық дауларда билік органдарының шешімдері мен әрекеттеріне қатысты шағым түсіру кезінде көп жағдайда теңсіздік ахуалында қалып жатады. Олардың мүмкіндіктерін мемлекеттік аппараттың ресурстарымен салыстыруға келмейді. Сондықтан осындай теңсіздіктерді болдырмау мақсатында дауларды шешудің ерекше тәтігі ретінде өкімшілік әділет құрылымын енгізу қажет. Бұдан былай дауларды шешу барысында сот қосымша айғақтар жинау бастамасын көтеруге құқылы. Аталған дәлелдемелерді жинақтау міндеті жеке азаматқа немесе бизнеске емес, мемлекеттік органға жүктелетін болады. Заңнамдағы барлық қарама-қайшылықтар мен дүдәмал тұстар азаматтардың мүдделерін ескере отырып, шешіледі тиіс.

Жыныстық зорлық-зомбылық, педофилия, есірткі тарату, адам саудасы, әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық және басқа да ауыр қылмыстарға, өсіресе, балаларға қатысты қылмыстарға қолданылатын жазаны шұғыл түрде қатайту қажет. Соңғы уақытта болған қайғылы оқиғалар ұйымдасқан қылмыстың тағы бір түрі – браконьерлік проблемасының бетпердесін ашты. Бүгінде браконьерлер сақдай-сай жабдықталып, қаруланған және өздерінің жазалану қоймайтынына сенімді. Браконьерліктің тамыры тереңге жайылған, соның ішінде бұл құқық қорғау органдарының салғырттығынан болып отыр. Браконьерлер ұлттық байлығымыз – табиғатымызға аяусыздықпен орны толмас зиян келтіруде. Сыбайлас жемқорлықпен жан-жақты күресу мәселесі күн тәртібінен түскен жоқ. Сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыс жасалған мекеменің бірінші басшысының жауапкершілігін заңнамалық және нормативтік тұрғыдан нақты белгілеу керек. Сондай-ақ, заңсыз және арандатушылық әрекеттерге барғаны үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл органдарының қызметкерлерін қатаң жазалау керек. Ондай қызметкерлерге тергеу саласында орын жоқ. Кінәсіздік презумпциясы қағидаты толық көлемде сақталуы тиіс. Құқық қорғау жүйесін толық реформалау – аса маңызды міндеттердің бірі. Полицияның мемлекеттік күштік құрылымындағы бейнесі бірте-бірте өзгеріп, қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін азаматтарға қызмет көрсететін органға айналады. Ең алдымен, 2020 жылдың аяғына дейін Өкімшілік полиция комитетінің жұмысын қайта ұйымдастыру қажеттігін алға тартқан ел Президенті ескері қызметтің беделін арттырып, Қарулы Күштердің материалдық базасын нығайтуды тапсырғаны белгілі.

Стратегиялық маңызға ие құнды құжат заңның үстемдігін қамтамасыз етудегі, полицияның жұмысын жетілдірудегі және сот жүйесін реттеудегі нақты қадамдарды айқындап берді. Немесе сот жүйесін құратын қызметкерлердің алдағы жұмыс жоспарын бекітті десек те болады. Алдағы уақытта азаматтардың сот төрелігіне қолжетімділігі артып, сот жүйесі оңайландырылмақ. Мұның бәрі халықтың сенімін ақтау мақсатында жасалып жатқанын айта кеткен жөн болар. Қасым-Жомарт Кемелұлы айқындап берген бағыттар нәтижесінің жемісін жақын арада көретінімізге сенімдімін. Былғы Жолдау – еліміздің дамыған отыз мемлекеттің терезесімен теңесуінің, «Қазақстан-2050» Стратегиясын жүзеге асырудың, сондай-ақ, күрделі кезеңнен шалынбай өтудің бағдаршамы.

Гүлсара БАЙГЕНЖИНОВА,
Жезқазған қалалық сотының судьясы

■ САПА КӨШБАСШЫСЫ – 2019

ЖЕЗҚАЗҒАНДЫҚ ҚОС ӨНДІРУШІ

көшбасшылар қатарынан табылды



Күні кеше ғана алғашқы Жолдауын жасаған ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қазақстандық кәсіпкерлерге көрсетілетін мемлекеттік қолдаудың артатынын тілге тиек етіп, отандық өндірушілердің алдына мақсат қойды. Біздегі тауар мен қызмет түрлері сапалы болуымен қатар қолжетімділігімен ерекшеленуі тиіс. Сонымен қатар, экспортқа шикізаттан гөрі өнім шығарылуы керек дегенді де қадап талпынды.

Ел экономикасын өркендетуде қомақты үлесі бар шағын және орта бизнес саласына деген талап қашанда жоғары болмақ. Бүгінде отандық тауар өндірушілер ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2015 жылғы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» деп аталған Жолдауында қауалған міндет үдесінен шығуда. Онда «Қазақстанда жасалған» әрбір бұйымда төрт қасиет – сапалы, ынғайлы, әдемі және арзан болуы керек. Сонда ғана ісіміз өнімді, затымыз өтімді болады. Өзімізді өзіміз қамшылауымыз керек, бізді сырттан келіп ешкім жарылқамайды» делінген еді. Аталған төрт талап – өндірушілердің нарықта бәсекеге қабілетті болуының алғы шарты.

Түрлі саланы қамтыған жезқазғандық өндірушілердің аталған талаптарға жауап беруін саралайтын Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығының Жезқазғандағы филиалы дүниежүзілік сапа күні қарсаңында жергілікті өндірушілерді деңгелек үстел басына жинады. Ондағы мақсат – жылдағы дәстүр бойынша сапа көшбасшысын анықтау. Сондай-ақ, жергілікті кәсіпкерлерді тауар мен қызмет өндіру саласына қойылатын талаптардағы жаңашылдықтармен таныстырып, бизнес өкілдерінің сұрақтарына жауап беруді көздеді.

Дүниежүзілік сапа күні қараша айының екінші бейсенбісінде өлемің көптеген елдерінде атап өтіледі. Біріккен Ұлттар Ұйымының қолдауымен Еуропалық сапа ұйымы 1989 жылы осы күнді бекітуге мұрындық болды. Себебі, сапа мәселесі – өлемің жетекші елдерінің экономикасындағы ең басым мәселелердің бірі. Қазіргі жағдайда сапа көз елген кәсіпорының, саланың және өрбір өндіріс қызметіндегі табыстың кілті болып табылады. Бұны ескерген Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығының

Жезқазғандағы филиалы тапына бір мәрте «Сапа көшбасшысы» номинациясын тағайындайды. Бұл жергілікті кәсіпкерлерді сапалы өнім өндіруге жігерлендіре түсетіні анық.

Биыл «Сапа көшбасшысы – 2019» белгісіне «Ютария LTD» инновациялық-өндірістік компаниясы» ЖШС мен «ЖезтемірБетон» ЖШС ие болды. Естеріңізге сала кетсек, 2017 жылы мемлекеттік «Бизнесің жол картасы – 2020» бағдарламасы шеңберінде 210 млн теңге көлемінде төменгі мөлшерлемемен несиеленген «Самға» ЖШС-не тиесілі «ЖезтемірБетон» зауытының басшысы Мұхтар Үңгітбаев өндірісті соңғы үлгідегі испандық құрылғымен жабдықтау арқылы 300-ден астам өнім түрін шығаруға қол жеткізген. Бүгінде қаланың ғана емес, сонымен қатар еліміздің түпкір-түпкіріне тұрғын үй құрылысы мен жол жөндеуге қажетті материалдарды өндірумен айналысатын кәсіпорының үздіктер қатарынан табылуы заңдылық. Сәуле Шәуенова басшылық ететін «Ютария LTD» инновациялық-өндірістік компаниясы» ЖШС да – отандық нарықта өзін мойындата білген жеңіл өнеркәсіп саласының үздігі.

– Үздік өндіруші атану үшін өнімнің сапалы болуы ғана аз. Сарапшылар өндірілген тауардың менеджмент жүйесін сәйкестендіретін сертификаттың бар болуы, жұмысшылардың ұдайы біліктіліктерін арттыруы, сондай-ақ, тексеріс кезінде олқылықтардың болмауы мен тұтынушылар тарапынан арыз-шағымдардың түспеуін қатаң ескерді. Жезқазғандық қос өндіруші аталған талаптардың бәрін жауап береді, деген Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығының Жезқазғандағы филиалының басшысы Рымжан Ермаханова оларға марапат ұсынып, алдағы күндері де көш алдынан табылуға тілектестігін білдірді.

Бота ШАЛҚАР

■ «ХАЛЫҚ ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ АСАТЫН МЕМЛЕКЕТ»

АЗАМАТТАР ӘКІМНІҢ ҚАБЫЛДАУЫНДА БОЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты алғашқы Жолдауында көтерілген «Азаматтардың барлық сындарлы өтініш-тілектерін жедел әрі тиімді қарастыратын «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру мақсатында еліміз бойынша азаматтарды бірыңғай қабылдау күні ұйымдастырылғаны белгілі. Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Бегімов те игі бастамаға үлес қосып, қала тұрғындарын мазалаған сұрақтарды тыңдап, оларды шешудің жолдарын қарастырды.

Алғаш болып қала басшысына шағымын жеткізген Любовь Сменченко көріс желісін өз қаржысы есебінен тазартқанымен,



жағдайдың оналмай тұрғанын жеткізді. Айманов көшесіндегі жеке тұрғын үйдің желісі қалалық сумен жүйумен жабдықтау кәсіпорнының балансына еңбегендіктен мекеме жұмыскерлері оларды күтіп-ұстау жұмыстарына қатысқысы жоқ. Осы ретте Қайрат Бегімов жауапты мекеме басшысына үш күндік мерзім ішінде желінің жұмысын ретке келтіріп, кәсіпорын балансына алуды қадап тапсырды. «Отыз жылдан бері жылу құбырлары мүлде ауыстырылмады үйіміз суық» деп жан айқайын жеткізген Татьяна Голенкованың өкпе-назы орынды. Небәрі бес-алты үйден құралған Жароков көшесінде жылу трассасын жаңарту жұмыстары 2017 жылы жүргізілген. Дегенмен, көшенің басындағы жылу құбырлары ауыстырылғанмен Голенкованың үйіне келетін құбырлар ауыстырылмаған. Әбден тозған құбырлар жарылған сайын сумен жүйумен жабдықтау кәсіпорын жұмыскерлері құбырды жамаумен ғана айналысатын көрінеді. Соның нәтижесінде үйдің жылу мұқабасы жоқ. Болат Жомартұлының тұрғын үйіне келген қала әкімі авария жағдайына жинақталған қордағы құбырлар есебінен өтініш білдірушінің құбырын жаңартып беруді сұрады. Жалпы бірыңғай қабылдау күні аясында әкім қабылдауына барлығы 37 жезқазғандық келді. Олар көтерген мәселелердің басым



көпшілігі әдеттегідей коммуналдық сала қызметтеріне бағытталды. Тұрғын үйлердегі жылудан баспа қоқыс үйінділері мен жол жөндеу мәселесін көтергендердің ішінде пәтер иелері кооперативінің жұмысына, қоғамдық көліктің тазалығы мен жүру кестесіне көңілі толмағандар да табылды. Негізгі бар өтініш-тілектер қаперге алынып, әкім мен жауапты мекеме басшысы тарапынан нақты жауаптар берілді. Қабылдауға қатысқандар әлеуметтік мәселелерді де көтермей қоймады. Бүгінде көпшіліктің басыбайлы баспа мәселесі алаңдататынын несіне жасырайық. Тұрғын үй кезегіне тұрған қала тұрғындары мемлекеттік қызметкерлермен өзара қарым-қатынас орната алмағаны көрініп-ақ қалды.

– Осыдан бес жыл бұрын көп балалы ана ретінде тұрғын үй кезегіне құжат тапсырдым. Сонда кезекке 840-ы болып тізілген едім. Осыдан бір апта бұрын кезекті білмек болып тұрғын үй – коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөліміне хабарлассам, олар: «Сіз кезекте 812 болып тұрсыз», – деп жауап берді. Енді сіздің қабылдауға жазылып едім, кезегімнің 95-ке жеткенін естіп отырмын. Сонда мұны қалай түсінеміз», – деген Эльмира Байниязоваға Қайрат Баяндыұлы:

– Сіздің кезегіңіз шынымен – 812. Тұрғын үй алу кезегіне тұрған тұлғалар жетім балалар, Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен

оларға теңестірілгендер, бюджеттік мекеме қызметкерлері мен әлеуметтік жағынан аз қамтамасыз етілгендер деп санаттарға бөлінетіні белгілі. Сіз көп балалы аналардың санатында 92-ші болып тұрсыз, – деп түсіндіріп берді. Және мемлекеттік қызметшілердің салғырттығынан, яғни тұрғындарымен байланыс орната алмауының нәтижесінде мемлекеттік қызмет пен жергілікті билікке деген халықтың сеніміне нұқсан келетінін алға тартқан қала басшысы жиында қатысушы мекеме басшыларына осы бағыттағы жұмысты шұрату қажеттігін нұсқады. Сонымен қатар, бірыңғай қабылдау күні қала халқының мемлекеттік бағдарламалардан құлағдар болуы төмен екенін тағы бір мәрте дәлелдегендей болды. «Үйім жоқ», «жұмыс таппай жүрмін» дегендердің түгелі дерлік мемлекеттік «Жұмыспен қамту», «Бақытты отбасы», «Нұрлы жер», «Еңбек» негізгі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасынан хабарсыз болып шықты. Аталған мемлекеттік бағдарламалар төменгі пайыз мөлшерлемесімен баспаналы болуға, сондай-ақ, өзін-өзі жұмыспен қамтуға және бизнес ашуға мүмкіндік береді.

Жезқазғандықтар арасында жиі көтерілетін өндіріс мәселе көше атауларына қатысты. Мағынасы жағынан ескірген көше атауларын өкісіне немесе атасына берсе деп өтініш айтушылар қазір көше атауларын өзгертуге мораторий жарияланғанын қаперге ала бермейді. Осы ретте қала әкімі көше атауын ауыстыруға 2015 жылдан бері мораторий жарияланғанын бірақ, 2017 жылы Елбасының тапсырмасы бойынша ескірген атауларды тарихи жер-су атауларымен және ұлттық танымға жақын дәстүрлі атаулармен ғана өзгертуге рұқсат етілгенін алға тартты. Кісі атауына мейлінше шектеу қойылғанын да жеткізді.

Қала тұрғындарын алаңдатқан мәселелерге құлақ түрген Қайрат Бегімов мемлекеттік мекеме басшыларына ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлының «Білік пен қоғам арасында тұрақты диалог орнату арқылы ғана қазіргі геосаяси ахуалға бейімделген үйлесімді мемлекет қалыптастыруға болады» деген тапсырмасын негізге ала отырып жергілікті органдар билік пен халық арасын байланыстыратын алтын көпір екенін еске салып, қала тұрғындары барынша жақын әрі ашық болуға шақырды

Диана ОРАЗАЛИНА

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҚ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Республикалық «Халық заңгері» акциясы біздің қаламызда да жалғасын тапты.

Халықтар достығы мен мәдениеті үйінің екінші қабатында ұйымдастырылған ашық есік күніне мемлекеттік құқықтық жұмыс бөлімінің бас маманы Айдарбек Әлімжан, қалалық білім бөлімі оқу секторының бас маманы Айнур Әбікенова, азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің басшысы Күләш Еркебуланова, жер қатынастары бөлімінің бас маманы Марғұл Жарылғапов, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысының орынбасары Сәуле Тұтқышева, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автотекіс жолдары бөлімінің маманы Әмір Әлмағанбет, кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің бас маманы, техникалық инспектор Ерұлан Жарылғапов, сәулет және қала құрылысы бөлімінің бас маманы Махмұт Смайлұлов, Жезқазған қаласы халыққа қызмет көрсету орталығының бас маманы Саптанат Сүлейменова, Жезқазған қаласы өңірлік басқармасының бас маманы Айнур Нұрғалиева, Жезқазған қаласы полиция басқармасы жергілікті полиция бөлімі бастығының орынбасары, полиция подполковнигі Мұқағали Аманбаев және қалалық сот судьясы Қабылда Қадыров қатысты.

– Бүгінгі «Халық заңгері» акциясы қаламызда бірінші рет ұйымдастырылып отыр. Қала тұрғындары үшін бұл акцияның маңызы ерекше деп ойлаймын. Себебі, халықтың құқықтық сауатын арттыру, оларды мазалаған мәселелердің тез жауабын табуына бағытталған бұл шара өлі де жалғасын табатын болады. Акция аясында қаламыздағы барлық бөлімдердің мамандары шақырылды. Олар тұрғындардың кез келген сауалына жауап береді. Бұл



акцияның бір тиімділігі – тұрғындардың уақытын тиімді пайдалануына мүмкіндік береді. Өйткені, олар өздерін мазалаған сауалдарды бір есіктен бір есікке жүгірмей, акция негізінде тез шешіп ала алады, – деді шараға жауапты маман Айдарбек Әлімжан бізге берген сұхбатында.

Акция барысында тұрғындарды алаңдатқан мәселелердің бірі азаматтық, өкімшілік және қылмыстық істер болды. – Маған келген Г. есімді қала тұрғынына осыдан екі жыл бұрын тек жоғары сапалы ресейлік есіктер сататын дүкеннің филиалында төменгі сападағы қытайлық есіктерді қосып сатқандығы үшін дүкен иесі тарапынан арыз түсіп, қылмыстық іс қозғалған болатын. Бұл азаматша да арыз түсірушіге «Жалақымыз бермеді және зейнетақы қорына

ақша аудармады» деп қарсы шағым түсіреді. Қос тараптың да шағым қарастырылып, заңға сай сотқа жетпей қысқартылды. Міне, Г. есімді бұл азаматша осы мәселені қайта көтергісі келеді. Мен оған заң талабына сай, ереже талаптарын таныстырып, тұрғындарға түсінікті қарапайым тұрмыстық тілде нақты анықтамалар беруге тырыстым, – деді полиция подполковнигі Мұқағали Аманбаев.

Сондай-ақ, акция барысында қала тұрғындары салық төлеу, жүк көліктері рұқсаттары дайындау, үй құжаттарын ресімдеу сынды мәселелерге қатысты сұрақтар қойылып, нақты жауаптар алынды.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН
Суреттерді түсірген
Ғалия ӘБДИҚАППАРОВА

ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІ НЫҒАЙТУ

тұрғындардың басты талабы

Полиция басқармасында жыл басынан 56 қылмыстық іс қозғалған. Бүгінде оның 50 пайызы ашылған. Полиция басқармасының хабарлауынша, қазіргі таңда өршіп тұрған қылмыстардың бірі – қаржылық алаяқтық. Соңғы уақытта қаламызда осындай бес факт тіркелді. Бүгінде оның төртеуі ашылды. Бір іс әлі қаралу үстінде.

Республикалық жалпыхалықтық азаматтарды қабылдау күні аясында Жезқазған полиция басқармасының бастығы, полиция полковнигі Аманкелді Құрманов тұрғындармен кездесу өткізді.

Полиция басқармасына келген тұрғындарды алаңдатқан мәселелердің басым көпшілігі – ғаламтор желісіндегі алаяқтық жайы. Түрлі әлеуметтік сайттар және «OLX» сату және сатып алу қосымшасы арқылы тауарларға тапсырыс берген тұрғындар алдын

ала көрсетілген соманы аударып, артында жарнама иелерін із-түссіз жоғалтып алған. Жасалған тапсырыстың да, жарнама иесінің де жалған екендігін көш біліп, бармағын тістеген азаматтардың ендігі көмек сұрау жері полиция басқармасы болды.

Аталған шағымдарды тыңдаған Аманкелді Құрманов полиция қызметкерлеріне мәселенің мен-жайын толыққанды анықтауға тапсырма беріп, нақты шаралар қабылдауды тапсырды. Сондай-ақ, көшедегі бұзақылық, ұрып-соғу, ұрлық-қарлық мәселелері бойынша да шағым айтқан тұрғындар қала көшелеріндегі тәртіп сақшылары мен бейнебақылау камераларының жұмысын нығайтуды сұрады. Сонымен қатар, қабылдау барысында көш-көн мәселелері бойынша да сұрақтар қозғалып, басқарма тарапынан тұрғындар сауалдарына тұщымды жауаптар берілді.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

1 ЖЕЛТОҚСАН – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ КҮНІ

ӘР САПАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Жезқазған қаласына ресми сапармен 14 рет келген екен. Әр жылдарда келген осы сапарларында Елбасы ел экономикасы мен саяси өміріндегі мысты қаланың тарихи орнын талғаммен таразылап, өңірдің нарық жағдайындағы әлеуметтік-экономикалық дамуына айрықша назар аударып отырды. Журналистік қызметіме байланысты мен осы маңызды оқиғалардың біразының ортасында болып, Елбасы сапары туралы ақпарат тарату мүмкіндігіне ие болған едім. Нұрсұлтан Әбішұлының осындай маңызды сапарларының өңірдің дамуына оң серпін беріп, айшықты із қалдырғанын бүгінде ерекше атап айтуға болады.



Мемлекет басшысы ретінде Нұрсұлтан Назарбаев Жезқазған өңіріне алғашқы рет 1991 жылдың 27 қарашасында Президент сайлауының қарсаңында келген еді. Ол сапар барысында сол кездегі «Жезқазғандүстіметалл» ғылыми-өндірістік бірлестігінің бірқатар кәсіпорындарын аралап, еңбеккерлермен жүздесті. Кешкілік Халықтар достығы мен мәдениеті үйінде сайлаушылармен кездесу өткізді. Нұрсұлтан Әбішұлы еліміздің алдындағы өзекті міндеттерге тоқталды. Ол кезең нарықтық экономикаға жаңа қадам басқалы тұрған күрделі де қиын кезең болатын. Экономикалық қатынастардың қайта құрылуына байланысты бағаның еркін жіберілетіндігі, бюджет тапшылығы, жұмыссыздық орын алатындығы, кейбір әлеуметтік мәселелерді шешу уақытша тоқтатылатыны бүкпесіз айтылды. Алда мемлекеттік мүліктерді жекешелендіру кезеңі тұрған еді. Тәуелсіздіктің өтпелі кезеңінде осы қиындықтарды жеңе білуге шақырған Н.Ә.Назарбаев 1991 жылы 1 желтоқсанда алғашқы бүкілхалықтық сайлау нәтижесінде еліміздің Президенті болып сайланғаны белгілі. Тұңғыш Президент күні мерекесі де осы маңызды оқиғадан бастау алады.

Президенттің бұдан кейінгі 1993 жылдың 14-15 қыркүйектегі бір сапары Жезқазғаннан басталып, екінші күні Ұлытауда жалғасқан болатын. Жезқазған мыс қорыту зауытында болып, іргесіндегі «Казкат» бірлескен кәсіпорнының салынып жатқан құрылысымен танысты. Елбасының 1993 жылдың 15 қыркүйегіндегі Ұлытауға алғашқы сапары Тәуелсіздігіміздің үшінші жылына қадам басқан елеулі-алаң кезеңмен тұспа-тұс келген еді. Арнайы сапар барысында Нұрсұлтан Әбішұлы қасиетті өңірдің тарихи орындарын аралап көрді. Ел бірлігін сақтау туралы осы жолы тебірене өңімеледі. «Біз Тәуелсіздігімізді жарияладық. Саяси тәуелсіздігіміз бар, ал енді аяғымыздан тік тұрып нағыз Тәуелсіз мемлекет болуға бірталай жағдай керек. Біраз жылдар керек. Көп жұмыстар істелуге тиіс», — дей келіп Елбасы ең алдымен өз халқымыздың бірлік пен ынтымақта болуына айрықша тоқталған-тын. Елбасы кездесу соңында ұлт ұясының мәртебесін одан әрі асқарту үшін халықпен кездесу болған сол жердегі жолдың бойындағы төбеге Белгітас қойғызып, қазақ елінің бірлігі мен тұтастығын бейнелейтін еңселі ескерткіш орнатуды аманаттаған болатын. Сол кездегі жағдайға орай аманатты орындау жүз кешеуілдеп



барып жүзеге асты. Ұлытау қақпасына айналған «Мемлекеттің тұтастығы мен Қазақстан халықтарының бірлігі» монументі белгітас қойылғаннан кейін араға 12 жыл салып, 2005 жылы бой көтерді. Бүгінде ол қасиетті өңірге қадам басқан адамдардың аялдап, тағзым ететін ерекше орнына айналып отыр. Елбасы келесі – 1994 жылдың 3 қарашасында келгеніне Американың «Саутваер» және Түркияның «Энтес» фирмалары бірлесіп салған «Казкат» бірлескен кәсіпорнының салтанатты ашылуына қатысты. Қазірде Қазақстандағы мыс ширатпасын шығаратын бірден-бір өндіріс болып табылатын «Казкат» зауыты суранысқа сай өнім өндіріп, жұмыс істеп тұр. Тұңғыш Президент осы сапарында 100 жылдық мерейтойын атап өткен сұңқар ақын С.Сейфуллиннің ескерткішіне тағзым етіп гүлшоқтарын қойды, одан соң Оңтүстік корейлік «Самсунг» фирмасы күшімен салынып жатқан медициналық орталық кешенінде болған еді. Бүгінде бұл медорталық әлемдік деңгейдегі медицина талаптарына сай бірегей емдеу орнына айналғанын сүйсіне айтуға болады.

Жезқазған қаласы облыс орталығы мәртебесінен айрылып, Қарағанды облысына қараған түс жергілікті тұрғындардың көңілін құлазытып, бір алаң күй кешкен шақ болатын. Облыстық мекемелерде істегендердің біразы босап қалған соң жайлы қызмет табылмай, бірі облысқа, екіншісі Астанаға жол тартуға мәжбүр болғаны есімде. Дәл осы кезеңде, 1997 жылдың 19 мамырында Жезқазғанға Нұрсұлтан Назарбаев келді. Елбасы мысты өңірге екі мақсатпен келгендігін айтты. Бірі – «Самсунг» фирмасының басқаруында жұмыс істеп жатқан өндіріс жағдайымен танысу, екіншісі – бұрынғы Жезқазған облысының Қарағанды облысына қосылуына байланысты халықтың көңіл-күйін білу. Сол жолы халықпен жүздескенде және актив жиынын

өткізгенде Президент көпшілікті сабырға шақырып: «Еш алаңдамаңыздар, Жезқазған ұдайы менің өз назарымда болады. Қарағанды облысының экономикасын бірлесе көтеріміз керек» деп жағдайдың мәнісін жете түсіндірген болатын. Айтқанындай, Елбасы бұдан соң мысты қаланың көштен қалмауына үнемі көңіл бөліп, өңірдің дамуына ықпалын тигізетін бағдарламалардың қабылдануын тапсырып, қадағалап отырғанын көпшілік білсе керек. Елбасының 2003 жылғы 28 қазанда келген сапары тұсында мен облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің аймақтағы меншікті тілшісі едім. Мыс қорыту зауыты жұмысшыларымен кездесіп, Сәтбаев қаласындағы бірнеше нысандарда болған соң «Байқоңыр» қонақүйінің мәжіліс залында БАҚ өкілдерімен баспасөз мәслихатын өткізді. Бір орайлы тұста мен Елбасына Жезқазған-Қызылорда бағытындағы автомобиль жолын жақсарту жайы туралы сауал қойдым. Сонда ол кісі ең әуелі экономикалық маңызға ие орталық өңірлердегі жолдарды ретке келтіру қажеттігін, уақыт өте келе бұл жолда да кезек келетіндігін байыппен түсіндіре келіп: «Болашақта теміржол да салынуы мүмкін» деген болатын.

Бүгінде халық сол күнге де жетті. Жезқазған-Бейнеу бізді Қызылордамен қатар Батыс өңірлермен жалғастырса, Арқалық-Шұбаркөл теміржолы солтүстікке қарай бағытымызды көейтті. Жезқазғанға 2014 жылдың 22 тамызында келген сапарында Нұрсұлтан Назарбаев «Ғасыр жолы» құрылысының аяқталып, іске қосылу салтанатына қатысты. Өңір тұрғындары зор ризашылығын білдірді. Қазір халық соның игілігін көруде. Міне, еліміздің Тұңғыш Президентінің өңірге сапарының соңында осындай игі іздері мен айтулы игіліктің қалғанын сүйсіне айтуға болады. Айта берсек, мұндай айшықты істердің қатары әлі де аз емес.

Амандық РАХЫМ

БІРЕГЕЙ

бірлікке бастаған көшбасшы немесе «Назарбаев моделі»

(Соңы. Басы 2-бетте)



Дүние жүзіне танылған қазақстандық брендке айналған «Болашақ» бағдарламасы туралы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Тәуелсіздік дәуірі» кітабында былай еске алады: «Біздің болашақты болжау мен стратегиялық көрегендігіміздің бір үлгісі – 1993 жылдың 5 қарашасында бекітілген «Болашақ» халықаралық стипендиясы болды. Мемлекеттік қаржылық жағдайы елеулі шығындарды ауырсынатынына қарамастан, мен елдің болашағын ойлай отырып, ең лайықты деген жас қазақстандықтарды өлемнің үздік университеттерінде оқытуға қажетті қаржы бөлуге пәрмен бердім. Менің ойымша, елді дамытуға және оның гүлденуіне ауқымды үлес қосуда жетекші рөл атқаруға тиісті зияткерлер шоғыры солардан қалыптасуға тиісті болатын».

Осыдан түіер оқи: XIX ғасырда ұлы Абай «Интернатта оқып жүр, талай қазақ баласы...», — деп жырлап, жастарды мектепте білім алуға шақырса, XX ғасырдың басында Алаш зиялылары Мәскеу мен Петербордың белді жоғары оқу орындарында білім алып, Мемлекеттік думаға сайланып, елінің азаттығын ойлады. Ал XX ғасырдың аяғында «XXI ғасыр – білім бәсекелестігі ғасыры», деген ұстанымның авторы Елбасымыздың арқасында Америка, Ұлыбритания, Германия, Франция және басқа да шет мемлекеттердің өлем таныған университеттерінде білім алған тәуелсіз Қазақстан жастары білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, ғылым және техника салаларында жүздеген ғылыми әзірлемелер мен ірі жобаларды жүзеге асырып, зор жетістіктерге қол жеткізуде.

Еліміз саналуы күндерден кейін осыдан 28 жыл бұрын Елбасымыздың бастамасы бойынша қабылданған «Қазақ КСР Президентін сайлау туралы» заң бойынша өткен бүкілхалықтық сайлау өткізілген атаулы күн – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні мерекесін атап өтеді. Н.Ә.Назарбаев «Тәуелсіздік дәуірі» кітабында «осы тарихи сайлаудың Қазақстанның тәуелсіздікке қарай жасаған шешуші қадамы болғанын» атап өткен болатын. Өйткені саяси күнтізбеде ол заңды және символдық тұрғыда Тәуелсіздік күніне ұласады.

Соныменқатар, 1991 жылғы 1 желтоқсаннан бастап тәуелсіздіктің әр жылдары өткен барлық жалпыхалықтық тікелей сайлауларда қазақстандықтар тұрақтылық пен саяси-экономикалық дамуды таңдап, дауыстарын түптеп Нұрсұлтан Назарбаевқа берді.

Яғни, осы жылдары Ел мен Елбасы егіз ұғым болып кетті. Елбасымыз іргесі берік, өзегі мықты, қуатты мемлекет құрды. Кеңес Одағының құрсауынан шыққан Қазақстан күллі әлем мойындаған беделді елге және бейбітшілік белдеуіне айналды. Тұрақтылықтың, татулықтың, тұтастықтың арқасында тәуелсіздігіміз тұғырлы болды. Елінің ертеңін ойлаған Елбасы Есілдің бойына жаңа Елордамызды орнатты. Тұңғыш



Президентіміз «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын ұсынуының нәтижесінде рухани бай мұраларымыз зерделі ұрпақтың зейінін ашып, көне тарихты қайта жаңғыртты. Осының бәрі төндессіз тұлғаны тегеурінді істері арқылы жүзеге асқаны дана халқымыз жақсы біледі. Осы арада, М.Қасымбековтің «Егемен Қазақстан» газетінің 2014 жылғы 21 маусымдағы санында жарияланған «Бастау» атты мақаласындағы мына бір дәйекті сөздерді келтіріміз келеді: «Адам уақытты таңдамайды, ол тек уақытпен бірге тыныстайды. Алайда, Нұрсұлтан Назарбаевтың бүкіл саяси өмірбаяны белгілі дәрежеде бұл нақылды жоққа шығарумен келеді. Өйткені мемлекеттік қайраткер ретінде

ол өзіне берілген жағдайлар жүйесінің ауқымымен шектеліп қалмай, тағдырдың жағанына сеніп, соның ырқына енжар ілесіп кете бермеді. Керісінше, ол қалыптасқан жағдайға көнбей, бұлқыныс танытып, болмысты өзі белсене қалыптастыра отырып, аса қолайсыз жағдайда және іс жүзінде тақыр жерде жаңа мемлекет орнатумен қатар, республиканы әлемдік қауымдастықтың толыққанды әрі беделді мүшесі деңгейіне

мен имиджі сол қалпы сақталды. Ішкі саясатта Мемлекет басшысының жетекшілігімен тың реформалар мен бастамалар көтерілуде. Қасым-Жомарт Кемелұлы осы жылы Қазақстан халқына жариялаған алғашқы Жолдауында заман талабына сай тиімді мемлекет құрудың, халықпен тығыз байланыс жасаудың, қоғамдық келісімді нығайтып, еркін қоғам қалыптастырудың, азаматтардың құқығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етудің бірқатар тетігін атап көрсетті. «Ел бірлігі – оның аралуындағы жолында», деді Қазақстан Президенті өзінің Жолдауында. Елбасының «Ел бірлігі – ең асыл қасиет» деген сөзін ту еткен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ынтымақ пен береке-бірлікке негізделген қазіргі саясаты ел дамуына одан әрі тың серпін беруде.

Нұрсұлтан Назарбаевтың ел егемендігін бекемдеу жолындағы қажырлы еңбегі «Қазақстан жолы» және «Назарбаев моделі» деген атақ ие болды. Бірегей лидердің сарабал шешімдері тұтас ұлтты ұшпаққа шығара алды. Осы арада тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Германияның күнделікті «Франкфуртер Альгемайне Цайтунг» басылмында жарияланған Қазақстанның Тұңғыш Президенті туралы мына жолдарды келтіріміз келеді: «Кеңес Одағының ықпалды саясаткерлерінің ішінде Нұрсұлтан Назарбаевты ең тартымды саясаткер деуге болады. Өзінің сырт келбетімен әрі сөйлеу мәнерімен назар аудартып қана қоймай, саясаткерлер ішінде бірден көзге түсетін ерекше құбылыс есі».

Бүгінде Елбасы өзінің мәмілегерлік миссиясын жалғастырып келеді. Күні кеше ғана ел жүрегі Нұр-Сұлтанға өткен Астана клубының бесінші отырысында Нұрсұлтан Әбішұлы бүгінгі жаһандық саясатта түйінді шешімші тұрған Украина мен Ресей, Оңтүстік Корея мен Солтүстік Корея арасындағы мәселеге тоқтау салуды атап көрсетіп, Қазақстанның мәміле алаңы болуға дайын

Елбасымыздың бұрын-соңды әлемдік саясатта қайталанбаған осы шешімді лайықты бағасын ала береді және болашақта билікке келетін мемлекет басшылары үшін тұрақтылықты, сабақтастықты сақтау формуласы болып қала береді. Елбасының осы шешімі жаһан лидерлері мен сарапшыларын таңдай қақтырды. Елбасының салып кеткен жолын, бітімгерлік саясатын сабақтастықты негізге алған қазіргі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев жалғастыруда. Қасым-Жомарт Тоқаев Тұңғыш Президент салып кеткен сара жолды жалғап қана қоймай, Елбасы ұсынған Бес институционалды реформа мен Ұлт Жоспарын толыққанды жүзеге асыруды қолға алды. Қазақстанның жаһандық аренадағы бітімгерлік миссиясы

екендігі туралы бастама көтерді. Егер тараптар Елбасы ұсынғанына келісер болса, Қазақстан саяси ешкіліктің оң шешілуіне ықпал етер кезекті келіссөз алаңы болмақ. Сонымен қатар ядролық полигонның жауып, әлемдегі төртінші зымырандық-ядролық әлеуеттен бас тартқан Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың ер екі жыл сайын ядролық қауіпсіздік бойынша әлемдік саммиттерді бірін-бірі өз астанасында қабылдауға дайын екендігі туралы бастамасы да еліміздің бейбітшілік ұстанымын барша әлем алдында айшықтай түседі.

Тәуелсіз Қазақстанның отыз жылға жуық уақыт ішінде қалған әрбір кірпішінде



Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қолтаңбасы бар. Тек ел іргесін мығым қалауда емес, халықаралық саясатта да қажырлы саясаткердің қосқан үлесі орасан зор. Оны бар жаһан лидерлері мойындады. Бітім мен мәмілеге құрылған саясат, жаңа елорда – өркеніет пен келісімнің ордасы, тәуелсіз Қазақстан – тұрақты даму жолына түскен негізгі нық мемлекет. Ел, Елбасы бірегей саясаткер. Ұлы Қазақ хандарының бітімгершілік жолын жалғап қана қоймай, асақ армандарын орындаған Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев тарихты ғана емес, жаңа заман тынысын да жаңғыртты.

Осыдан он бес жылдай бұрын Қазақстан халқымен болған телеэфирде Елбасымыз Қазақстанның ұлттық идеясы қандай болуы керек деген сауалға «Ұлттық идеяны барлық қазақстандық бірдей қабылдауы болуы тиіс. 75 жыл бойы коммунистік идеямен өмір сүрдік. Бүгінгі мемлекетімізді құрушы қазақ халқы. Қазақ басқа жерде өскен де, өнген де жоқ. Біз ешқайдан көшіп келгеніміз жоқ. Қазақ елінің, Қазақстанның тәуелсіздігі – ол бірінші идея. Мұны болашақ ұрпақтың қолына тапсыруға тиіс. Ұлттық идеяның тағы бір тірегі – ел экономикасын бәсекелестікке сай мықты жасау. Үшінші идея – елдің бірлігі. Осы үш мәселенің төңірегінде қазақтың тілін, қазақтың дәстүрін басқа халықты ренжітпей шешетін болсақ, осы үш саладан басқа қандай идея керек», деп жауап берген болатын. Олай болса, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың мәңгілік ұлы идеялары тәуелсіздік рухымен өсіп келе жатқан еліміздің ертеңгі үміті, сенімді серпіл болып табылатын жас бұйының бәйтулары болуы тиіс екені сөзсіз.

Әмірхан РАХЫМЖАНОВ, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасының директоры, саяси ғылымдар докторы, профессор

ЖЕМҚОРЛЫҚ – ИНДЕТ, ЖОЮ – МІНДЕТ!

БАСТЫ ҰСТАНЫМ – ӘДІЛДІК, ПАРАСАТТЫЛЫҚ ЖӘНЕ СЕНІМ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Алик Шпекбаевпен әңгіме

— **Алик Жатқамбайұлы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат мемлекеттік органдардың қызметі қоғамның сенімін арттыруға бағытталғаны белгілі. Жалпы, бұл жөнінде не айтасыз?**

— Елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған мемлекеттік саясаттың маңызды стратегиялық басымдығы болып саналады. Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен еліміздің сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа стратегиясы қалыптасты. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың ұлттық тәжірибесіне әлем мойындаған халықаралық қағидаттар мен стандарттарды енгізу басты шарттардың бірі.

Қорғау органдарына мұндай құзырет беруге әлі өртерек. Тұрасын айтқанда, біз бұған әлі дайын емеспіз. Сондай-ақ, әкімшілік бөлініс бірліктері өте көп, есесіне тұрғындарының саны

Агенттік сыбайлас жемқорлық деңгейін біршама төмендетуге мүмкіндік беретін басқа да заңнамалық шараларға бастамалар жасады. Олардың ішіндегі ең бастылары — заңсыз баюға азаматтық-құқықтық жауапкершілік енгізу, барлық мемлекеттік қызметшілердің кірістері мен шығыстары

қарсы саясатының негізіне айналған. — **Сіздер парасаттылық ұғымын ілгерілету бойынша жұмысты агенттіктің ішешуші басымдықтарының бірі ретінде белгіледіңіздер және тиісті департамент құрдыңыздар...**

— Заңды мүлтіксіз орындаудың астарында оның рухын түсініп, пайымдау жатыр. Адам тек тапсырылған алгоритм шегінде ғана жұмыс істейтін машинадан осы қабілеті арқылы ерекшеленеді. Тек заңның рухы ғана қандай да бір әрекеттің көңілге қонымдылығын айқындайды. Біз адамгершілік құндылығынсыз заңға құрмет болуы мүмкін емес деп санаймыз. Парасаттылық дегенімізді өзі не? Бұл ар-ұят, адалдық және ақшаға сатылмау секілді жеке қасиеттермен сипатталатын жан тазалығы. Ол адамның мінсіз мінез-құлығынан, адалдығы мен тектілігінен көрінеді. Парасатты адамға терең көзқарас пен ішкі жоғары мәдениет, заңға, этикалық және моральдік ережелерге құрмет тән. Бұл жөнінде таяуда танымал режиссер Ермек Тұрсынның өзіне «сыбайлас жемқорлық деген не?» деген сұрақ қойып, оған «бұл мәдениетсіздікпен және адамгершіліксіздікпен күрес» деп қысқа әрі нұсқа жауап берген болатын.

— **Қазір сыбайлас жемқорлықтан әгері парасаттылық туралы көбірек айтыла бастады. Агенттік қызметкерлерінің басқа мемлекеттік органдарға барып нақты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сараптау мен жоюдың орнына «қане, сіздердің парасаттылықтарыңызды көрейік...» деп тұрағын елестейді...**

— Біріншіден, «парасаттылық» терминінің басқа да қыры бар. Ағылшын тілі сөзінде integrity (парасаттылық) сөзі тұтастықты білдіреді. Сондықтан егер медициналық терминологияны қолданатын болсақ, кез келген жүйенің бастапқы күйін зерттеп, жалпы скрининг өткізу арқылы біз оның иммунитетіне қауіп төндіретін аурудың анық және күшті ошақтарын, сондай-ақ емдеуді қажет ететін бүлінген органдарын нақты анықтай аламыз. Екіншіден, халықаралық тәжірибеде «білімдегі парасаттылық», «медицинадағы парасаттылық», «сот жүйесіндегі парасаттылық», «бизнесітегі парасаттылық» деген түсініктер біршама кең таралған. ӘБДҰ сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұғымды, яғни құқығын асыра пайдаланудың алдын алу үшін қабылданған саясатты күшті және өліс жақтары ретінде сипатталатын парасаттылықты бағалауды біршама тиімді деп таныды. Үшіншіден, сол ӘБДҰ сарапшылары парасаттылықты сыбайлас жемқорлыққа қарағанда едәуір сұйық және жағымды түсінік, біршама жоғары деңгейдегі тұжырымдама деп санайды. Мұнымен келіспеу мүмкін емес. Парасаттылықты зерттеу ынтымақтастық пен өзара түсіністікке шақырады.

Парасаттылық қоғамдық көзқарастардың басымдығына бағытталған мемлекеттік басқарудың барлық заманауи жүйесінің іргетасы. Өңгіме азаматтардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоғары мәдениеті мен тиісті құқық қолдану тәжірибесі туралы болып отыр. ӘБДҰ саясаты да осыған саяды. Мұнысыз ауқымды әлеуметтік өзгерістер жүзеге аспайды. Парасаттылық біздің ашық әрі әділетті қоғамға қадам басуымызға кедергі болатын барлық нәрсенің түбегейлі қарсылықты білдіреді. Біз мемлекеттік органдардың ашықтығын, айқындылығын және есептілік деңгейін көрсететін мемлекеттік органдардың жария парасаттылық рейтингін анықтау әдістемесін әзірлеуді алғашқы қадам ретінде қарастырамыз. Парасаттылық мемлекеттік қызметшілер басшылыққа алатын адамгершілік құндылығына айналуды тиіс. Өрине, тек оларға ғана емес, мәселен, жекеменшік ұлттық компанияларда квазимемлекеттік секторда парасаттылықты қамтамасыз етудің тиімді құралының біріне айналуда тиісті тәуелсіз комплаенс-қызметтері жұмыстарын бастады.

— **Парасаттылық департаментінің басқа сіз Серіктестік департаментінің құрдыңыз. Тағы да атау туралы сұрасақ, Бұл сансе ілесе ме өлде жаңа тренд пе?**

— Жалпы, жоғарыда атап өткенімдей, агенттіктің құрылымның қалыптастыру барысында алдын алу, ағарту және қылмыстық-құқықтық сипаттағы шараларды ұтымды үйлестірген шетелдік сыбайлас жемқорлыққа қарсы органдардың біршама табысты үлгілерін негізге алдық. Бұл — Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа стратегиясының шешуші басымдықтарының бірі саналатын мемлекет пен қоғамның күш-жігерін біріктіруге қажетті шарт. Серіктестік мүдделер мен мақсаттардың сәйкестігі негізіндегі бірлескен қызметті жоғары қарқынды білдіретіндіктен, әдепкі ынтымақтастық пен өзара әрекеттестікке қарағанда әлдеқайда нәтижелі болады. Серіктестік дегеніміз, бұл — ортақ жауапкершілік пен бірлескен даму. Біз өз қызметімізде үкіметтік емес сектордың, бизнес-қоғамдастықтың және сарапшылардың қарым-қабілетіне сүйенеміз. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы және парасаттылық мәдениетін насихаттаудағы жұмысымыздың алға басуы осының айғағы. Біз қоғамдастықтың біздің жұмысқа қызығушылығы мен жұмылуын



біршама күшейтіп, өзара ықпалдастықтың жаңа деңгейіне шығарғанымызды мақтан тұтамыз. Біздің арнайы мониторингтік топтар (еліміздің барлық өңіріндегі қоғам белсенділері), сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірінші медиа орталық, «Жаңару» қоғамдық бірлестігі, «Қазақстанда парламентаризмді дамыту қоры» ҚҰ, «Nur Otan» партиясының Жастар қанаты, парасаттылық мәдениеті бойынша лекторлар пулы секілді және т.б. сенімді серіктестеріміз бар.

Бұл ретте біздің 2015-2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын жүзеге асыруға сырттағы сараптау мен бағалау жүргізетін арнайы мониторинг тобымен бірлескен жұмысымызды атап өтуге болады. Оған танымал қоғам қайраткерлері мен сарапшылар кірді. Өңірлерді қоса алғанда, бұл жұмысқа 3 мыңға жуық адам тартылған. Біз оларға көптеген игі бастамалары үшін ризамыз.

Өзгерістер драйверінің легіне біздің «Адалдық алаңы» жобасы да кіреді, оның аясында «Protecting business and investments» және «Адал жол», «Саналы ұрпақ» бастамалары іске асырылуда. Бұл жоба тұрмыстық сыбайлас жемқорлықты жоюға және түрлі саладағы жемқорлық тәуекелдерін болдырмауға бағытталған. Мәселен, әлеуметтік нысандар мен инфрақұрылым бюджетін пайдалану тиімділігін бағалау мақсатында «Парламентаризмді дамыту қоры» ҚҰ бастамасымен және Нидерланд елшілігінің қаржылық қолдауымен «Ашық бюджеттің интерактивті картасы» (www.publibudget.kz) еліміздің барлық өңірінде негізілді.

Бір жылдан да аз уақытта «Адалдық алаңы» жобасының бастамасымен еліміздің 686 орен срасе кеңістігі, 70 сервистік әкімдігі ашылды. Бұл — тұтынушыға шынайы бағдарланған мемлекеттік сервисте өту бойынша ауқымды жұмыстың басы ғана. Мен тек бір-екі мысал келтірдім. Қалай болғанда да, агенттік құрылымында Парасаттылық және Серіктестік департаменттерінің пайда болуы Қазақстанның құқық қорғау органдары үшін мүлдем тың оқиға деп бағалауға болады. Бұл — біздің жұмысымыздағы басымдықтардың әжептәуір өзгергенінің көрсінісі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында түбегейлі бетбұрыс пайда болғанының бастапқы белгілері. Тұрғындардың бүл індетке қатынасы өзгеріп, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтардың саны азайып келеді. Демек, біздің бағытымыз дұрыс.

— **Ал салада азаматтардың өтініштерімен қандай өзгерістер пайда болды?**

— Президентің тапсырмасына сәйкес «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру шаралары қабылданды. Атап айтқанда, азаматтардың өтініштерін қарау тәсілдері түбегейлі қайта қаралды. Біздің мақсат — агенттікке шағымданған әр азаматтың үнін есту және тіпті мәселе біздің құзыретімізге кірмейтін жағдайда да көмектесуге тырысу. Мен азаматтарды апта сайын, ал менің орынбасарларым күн сайын қабылдайды. Басқа қаланың тұрғындарын қабылдау ынғайлық үшін видеобайланысы арқылы жүзеге асырылады, бұл олардың уақыты мен жол шығындарын үнемдейді. Агенттіктің қызметкерлері азаматтық сектордағы біздің серіктестерімізбен бірлесіп, сондай-ақ, «Халық заңгері» атауына ие болған ауқымды түсіндіру науқаны арқылы халыққа құқықтық көмек көрсету үшін ауылдарға баруды бастады. Агенттіктің 1424 call-орталығының операторлары азаматтардың шағымдарын тәулік бойы қабылдайды. Әлеуметтік желідегі көрі байланыс тұрақты негізде қамтамасыз етіледі. Біз әр сауалды, әр өтінішті жан-жақты талқылап, ондағы мәселені шешуге тырысамыз. 3 мыңнан астам азаматтық бұзылған құқықтарын қалпына келтіру осының айқын дәлелі.

Әңгімелескен Жолдыбай БАЗАР, «Егемен Қазақстан»



барынша аз, құрлықтағы ұлан-ғайыр аумақпен салыстырғанда шап-шағын аралда орналасқан бір ғана қаланың тұрғындарын бұл жұмысқа тарту деңгейі мен ұйымдастыру тиімділігін коэффициенті бәрібір жоғары болатынын ескерген жөн. Әр елдің өз ерекшеліктері мен айырмашылықтары бар. Қазақстан сыбайлас жемқорлық деңгейі төмен мемлекеттер қатарына қосылу үшін өзінің тиімділігін көрсеткен ұстанымдар мен қағидаттарды, әмбебап тетіктер мен құралдарды белсенді қолдана бастады. Алайда, атқарылған жұмыстарға жеңіл тоғайтып отыруға болмайды. Кең ауқымды автоматтандыру үдерісі мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы жемқорлықты түртіп үш деңгейіне дейін азайтуға мүмкіндік берді. Азаматтардың сот төрелігіне қолжетімділігі біршама артты. Мемлекеттік аппараттың жемқор шенеуніктерден тиянақты түрде тазарту соңғы жылдарда сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының тұрақты төмендігін байқатады. Қазақстандықтардың сыбайлас жемқорлыққа қатынасы өзгеруде. Яғни, жұмысымыздың стратегиялық бағыты дұрыс қойылған.

— **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың құқықтық негіздері тақырыбы қозғалағанда таяу арада заңнамаға қандай елеулі өзгеріс енгізіледі және ол бізге не береді деген сауалдарды айналдыр өте алмаймыз. Осы туралы баяндап берсеңіз.**

— Биыл 20 мамырда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмыстардың тиімділігін арттыру туралы жиналыс өткізіп, бағынышты қызметкері сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін мемлекеттік органның бірінші басшыларының жұмыстан кетуін институтын енгізу туралы тапсырма бергенін білесіздер. Дәл қазір осы норманы іске асырудың нақты тетіктері айқындалған заң жобасы Президент Әкімшілігінің қарауында жатыр. Ол бойынша, егер мемлекеттік органның лауазымды тұлғасы сыбайлас жемқорлық фактісі бойынша сотталса, оның тікелей басшысы жеке басыман жауап беретін болады. Егер бұл жағдай әкімшілік мемлекеттік қызметшіге жататын басшыда болса, онда ол жұмыстан шығаруға дейінгі тәртіптік жауапкершілікке тартылады. Сонымен қоса, мемлекеттік орган басшыларының өзіне бағынышты қызметкерлер тарапынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын ескерту міндеті енгізілуде. Бұл шараларды қабылдамағаны үшін тәртіптік жауапкершілік қарастырылған.

Азаматтарды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жұмылдыруды күшейтудің тағы бір түрі жемқорлық фактілері туралы хабарлағаны үшін азаматтарды көтермелеу жүйесін өзгерту болмақ. Егер қазіргі таңда мұндай жағдайдағы көтермелеудің жоғары сыйақысы 250 мың теңге болса, таяуда бұл сома бірнеше миллионға артады. Осы ретте, агенттіктің ықпалымен жақында мемлекеттік қызметшілерге жұмыс орынына смартфон алып кіруге қайтадан рұқсат берілетінін атап өткім келеді. Біздің ойымызша, бұл жұмыстың, әсіресе азаматтармен қарым-қатынас мәселелерінің жылдамдығын біршама арттырады.

Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықтың негізгі себептерін жою, атап айтқанда, экономикадағы мемлекеттің қатысуын қысқартуға, қолма-қол ақшаның айналымын азайтуға, мемлекеттік қызметшілердің еңбекақысын біршама арттыру мақсатында мемлекеттік органдар мен оларға бағынысты ұйымдарды оңтайландыруға қатысты жұмыстар жалғасады. Агенттікте, экономикалық тергеу қызметі мен өзге де бақылау-қадағалау органдарында жүргізілген штат санын оңтайландырудың өзі бизнеске қысымды біршама азайтты.

туралы декларациясын жариялау міндеті, сондай-ақ, Integrity Testing/Check немесе кәсіби сатылмаушылыққа тексеру институтын енгізу.

Жалпы, біз сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатқа түбегейлі өзгерістер енгізуге мүмкіндік беретін жаңа «навигациялық» технологияларды меңгере бастадық. Әңгіме кримнологиялық қырынан басқа да сан алуан аспектілері бар осынау күрделі әлеуметтік індеттен мемлекет пен қоғамды құтқару жолындағы ауқымды және жүйелі жұмыс туралы болып отыр. Осы орайда, біздің жұмыстарды ұйымдастыруға жаңа тәсілдер қажет болды. Бұл жазаның бұлтартпай қолданылу қағидасының құнсызданғанын білдірмейді, бірақ жемқорларға қарсы күрес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың басқа да тәсілдері мен формаларын кейінге ысырмауға тиіс. Сондай-ақ, қазір агенттіктің штат санының 80%-тен астамы жедел-тергеу бөлімшелеріне және тек 10% ғана превенция саласына тиесілі. ӘБДҰ елдерінде бәрі көрінісе.

Бүгінгі таңда жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, мониторинг жасау, жемқорлық тәуекелдерін анықтау және жою, жемқорлыққа қарсы күреске қоғамды көңінен тарту міндеттері алдыңғы қатарға шығуда.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдау қорытындылары бойынша біз берген ұсыныстардың негізінде тек біылдың өзінде 37 нормативтік - құқықтық актіге нақты өзгерістер енгізілді. Бүгінгі таңда агенттік көлемді бюджеттік қаражат бөлінінін ұйымдарға — квазимемлекеттік секторға, орталық органдардың комитеттері мен өкілдіктерге басқа назар аударатынын атап өткім келеді. Тек соңғы бір жарым жылда облыс әкімдерінің 3 орынбасары, 2 жауапты хатшы, 7 комитет төрағасы мен оның орынбасарлары қылмыстық жауапкершілікке тартылды.

— **Жаңа өзгерістердің бәріне сәттілікпен қарау таңсық емес. Өңгіме сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмысты ұйымдастырудың тәсілдерінің түбегейлі өзгеруі туралы болып отыр. Қазір «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтен қорқуды қойды» деген сөздер таралуда. Сіз бұл туралы не айтасыз?**

— Мен бұл сұрақтарға жоғарыда жартылай жауап беріп өттім. Көне заманның көрнекті ойшылы Сунь-Цзы «соғыс дегеніміз — айла-шарғының жолы, ол жеңгендердің жоғары әскери өнер көрсеткенін білдірмейді. Ең қиыны әрі маңыздысы — қарсыластың шабуылына жол бермеу» деген екен. Өз халқымызға қарсы «соғыс» бізге керек емес... Жоғары лауазымды шенеуніктердің тағы бір тобын түрмеге тоғытсақ та, біз жемқорлыққа төтеп бере алмаймыз. Ол одан сайын қитұрқыландып, жаңаша түрлене түседі... Менің ойымша, бізге сыбайлас жемқорлық қылмыстарының алдын алды, жан-жол бермеу маңызды мәселе. Адамды түрмеге тоғыту мақсат емес, керісінше біз ол адамды осы қауіпті қадамнан қорғап, жемқорлыққа бейімдікті мүмкін емес немесе мәнісіз етуге тырысуымыз керек. Қоғамның кез келген мүшесінің қасіреті оның қаншалықты түсінігеніне қарамастан, барлық қоғам моральдік соққы береді.

Оның үстіне, біз қоғамда қорқыныс тудырудан аулақпыз. Жекелеген азаматтардың санасымды белгілі бір пікірге ие болса да, бұл күмәнді әрі қарабайыр көрінеді. Ал тарихи санаға жүгінсек, қазақ халқы әрдайым сенімге сүйенген. Біздің негізі жүгеріміз жемқорлықты болдырмауға, бола қалған жағдайда оны адамға барынша тиімсіз етуге бағытталған. Сондықтан біз табысты мемлекеттердің басым бөлігінде сыналған жұмыстың тәсілдері мен формаларын қарқынды негізге бастадық. Олар біз бой түзейтін елдердің сыбайлас жемқорлыққа

Сыбайлас жемқорлық — әлі де күн тәртібінен түспей тұрған өтір қоғамдық мәселе. Қалың жұртшылықтың пікірінше, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес — мемлекеттің міндеті. Бұл қате пікір. Әрбір отандасымыз, әр отбасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті өзі өмір сүріп отырған ортаның, қоғамның, әр азаматтың өзі екендігін түсінуі тиіс. Күнделікті халық арасында ана жерде пәләнше деген сыбайласып жеп кетіп, қомақты қаржы ұрлап шетел асыпты, тағыда басқа айтылатыны жасырын емес, ол жөнінде бұқаралық ақпарат құралдарында ашық айтылып жатады. Осы сыбайлас жемқорлық деген не, ең бірінші осы мәселені ашып алған орынды. Сыбайлас жемқорлық мемлекеттік биліктің яғни басқару жүйесіндегі мемлекеттік қызметшілердің қамқорлығының немесе оның бүркелемеуі сондай — ақ тікелей ұйымдасуы арқылы мемлекеттің мүлкін, қаржы-

сын ұрлауы болып табылады. Бір адамның екінші адамға тікелей тәуелділігі арқылы ақшалай заттай пара алу немесе беруі сыбайласудың ауыр түрі екені белгілі. Жалпы сыбайласу экономикалық қылмыс жолымен ауыр пара беру, алу мемлекеттің эканомикалық қауіпсіздігіне ауыр соққы әкелетіні, сондықтан оны жоюдың пәрменді шараларын алу қажеттілігі кез - келген мемлекеттің күн тәртібінен түспеген. Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес 2015 жылғы 18 қарашада қабылданған арнайы заңмен реттелген. Кейбір жағдайда экономикалық-қаржылық салдары жоқ қаржылық ұрлық немесе пайдаланып кету орын алмаған грамматикалық қате, тіпті іс қағазының дұрыс толтырылмағанының өзі сыбайлас жемқорлыққа жатқызылып жатады, бұл қате. Қазағым, «Ұрлық түбі — қорлық» деп бекер айтпаған, солай екенін біле тұра мемлекеттің мүлкін, ақшасын ұрлау тыйымалы келеді. Осы ретте «неге?» деген заңды сұрақ туындайды.



Бұның түп төркіні заманның талабына сай жақсы тұру, қымбат көлік міну, тағы басқа да материалдық мүддеден туындайды. Мемлекеттік қызметшілердің материалдық жағдай-

ын яғни еңбекақысын өсіру тағы басқа жеңілдік беру де сыбайлас жемқорлықтың анағұрлым азаюына септігін тигізетін фактор екені рас. Сондай-ақ, патент, лицензия беру, жиі аттестаттау, түрлі тесілер өткізу, тіпті рейтингтік бағалаудың өзі сыбайласықтың яғни пара беру, алу жолдарын туындауы мүмкін екенін жоққа шығаруға болмайды. Бұл жағдайларда қатаң бақылау орнату (өртүрлі сенім телефондарын орнату, қайта қарсы тексерулер жасау т.б) өз нәтижесін берері күмәнсіз. Сыбайлас жемқорлыққа жол бермеудің жолы — электрондық қызмет көрсетудің аясын кеңейту. Бұл тұрғыда Жезқазған қалалық қазынашылық басқармасында «Қазынашылық-Клиент» ақпараттық жүйесі іске асырылған. Басқарма 43 мемлекеттік мекемеге электрондық түрде қызмет көрсетеді. Электрондық қызмет сыбайласудың жолын кесе отырып қағазбастылықты жеңілдетеді. Сыбайлас жемқорлықпен күрес тек бір ұйымның шаруасы емес, бұл бүкіл халықтық сипат алған жағдайда толық тылады.

Роза ШЕРТАЕВА, Жезқазған қалалық қазынашылық басқармасы басшысының орынбасары

КЕЛЕШЕК КЕЛБЕТІ

ЖАСТАР ФОРУМЫ ҮЗДІКТЕРДІ АНЫҚТАДЫ

Өскеген ұрпақтың бойында азаматтық пен қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, олардың еңбек етіп, жұмыспен қамтылуына жағдай жасау, салауатты өмір салтын ұстануға баулып, бұқаралық спортты дамыту, ауыл жастарының бірлігін нығайту, салт-дәстүрімізді жаңғырту, талантты жастарды қолдау мақсатында өгеменді еліміздің ертеңіне айналған жастарға мемлекет тарапынан барынша қолдау жасалуда. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бекітуімен жастар жылы деп жарияланған 2019 жылдың да аяқталуына аз ғана уақыт қалды. Осыған орай ел дамуына өз үлесін қосып, қоғамдық өмірге белсене араласқан жастар марапатталып, оларға құрмет көрсетілді.



Білімді де білікті, озық та ойлы жастарға қолдау көрсету мақсатында өтетін «Мен – жас қазақстандықпын!» атты жастар форумы биыл да жалғасын тапты. – Биылғы жылғы «Мен жас қазақстандықпын!» атты жастар форумының мәні ерекше. Себебі, бұл форум жастар жылымен тұспа-тұс келіп отыр. Ақын Мағжан Жұмабаев айтқандай, арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, қырандай күшті қанатты жастар Жезқазған-Ұлытау аймағында да аз емес. Құрметті жастар, сіздер біздің болашағымызсыздар! Аймағымыздың білім және мәдениет саласы мен өнеркәсіп кешінен одан әрі дамытып, алға жетелеу, биыл 65 жылдық мерейтойы кең көлемде тойланып отырған Қазақстанның мыс астанасы сүйікті қаламыз Жезқазғанның даңқын асыра беретіндеріңізге сеніміміз мол.

Барша қала жастарына толағай табыс, жемісті еңбек тілейміз, – деді шара басында сөз алған Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова. «Мен – жас қазақстандықпын!» форумы он бес номинация бойынша ұйымдастырылды. Биылғы форумының ерекшелігі – шараға жерлестеріміз, талай долларларда бас жүлдені қанжығасына байлаған суырыпсалма айтас ақыны Дидар Қамиев пен жүрген жерінде «Ұлытаудың ұлымын» деп зор мақтанышпен туған өлкесін еңге қосып жүретін қоныр дауысты өңші Қуандық Рахымның қатысуы болды. Дидар Қамиевтің жүрек тебіренер термелерімен басталған форум одан әрі марапаттау рәсімімен жалғасты. Марапаттау салтанаты «Үздік жас дарын» номинациясын табыстаумен басталды. Қалалық мәслихаттың хатшысы Советбек Медебаев табыстаған аталмыш номинация

Бекзада Достияроваға бұйырды. Ал ғылым саласында жеткен жетістіктерімен алға озған жасқа берілетін «Үздік жас ғылым» номинациясын Нұрсұлтан Кеңесов иеленді. Форум қонағы Дидар Қамиев табыстаған «Жыл ақыны» номинациясы аймағымызға белгілі жас ақын Мұқағали Сейтқазының қанжығасына бұйырды. «Үздік өрікті» номинациясын қаламыздағы жас өріктілердің басын бір арнаға тоғыстырып, жүйелі еңбек етіп жүрген жас ыдырыс Көзайдаров иеленді. Ал талай күш долларларында жеңіс тұғырынан көрініп, тек Жезқазғанның ғана емес, Қазақстанның намысын қорғап жүрген Жандос Бейсенбаевқа «Үздік жас спортшы» номинациясы бұйырды. Осыдан бірер уақыт бұрын «Тұлға» сыйлығын иеленген талантты жас актер Нұржан Бейсебеков бұл жолы «Жылдың үздік актері» номинациясын иеленіп, өзі қызмет ететін С.Қожамқұлов атындағы Жезқазған музыкалық-драма театры ұжымын зор қуанышқа көнелтті. «Үздік ауыл жасы» номинациясын кеңірік жас домбырашы, ұстаз Дәулет Асқар жеңіп алды. «Жігерлі жас» номинациясы Ө.А.Байқоңыров университетінің 3-курс студенті Гүлнұр



Базарбайға бұйырды. Еңбек жолын енді ғана бастаса да ауыз толтырып айтар жетістіктерге

жете білген жас Перизат Әбдуғалиева «Үздік жас маман» номинациясына ие болса, «Үздік

ескері қызметкер» номинациясы Рүстем Назарбаев, «Үздік жұмысшы» номинациясын Ерден Төлеген қанжығалады. Ал «Жыл көшбасшысы» жас ұстаз Руслан Төлен атаиды. «Жастар жанашыры» номинациясына талай игі істің басы-қасында жүрген білікті басшы, тіл жанашыры Светлана Жумкина ие болды. «Ел үміті» номинациясы Жезқазған жоғарғы медициналық колледжіне, «Жылдың үздік оқу орны» номинациясы Жезқазған гуманитарлық колледжі ұжымына табысталды. Ал шараның басты номинациясы «Жыл мақтанышы» атағын республикамызға белгілі өңші Қуандық Рахым иеленді.

– Қала жастарына барынша қолдау көрсетілуде. Еңбек еленуі тиіс. Бүгінгі «Мен – жас қазақстандықпын!» форумы жастарға көрсетілген зор қолдаудың тағы бір парасы. Алдағы уақытта да ел болашағы саналатын жастарға мол мүмкіндіктер ұсынылатын болады. Барша жезқазғандық жастарға сәттілік тілеймін. Жалғызды жастарға әлі талай ұсынар мүмкіндіктеріміз мол – деген Жезқазған жастар ресурстық орталығының директоры Ботакөз Мұхиден форумға өтініш білдірген барша жастарға алғысын білдірді.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН
Суреттерді түсірген
Ғалия ӘБДИҒАППАРОВА

ТАЛАБЫ ЗОР

«Мен өмірді шын сүйемін» дейді бүгінгі жастар бетінің кейіпкері Әлішер САДЫРОВ. Биыл 22-ге толған жас жігіттің арманы – асқақ, мақсаты – биік. Бала күнінен құрастыру, жинау, бағдарламалау жұмыстарына қызыққан ол 9-сыныптан соң Жезқазған политехникалық колледжіне «Есептеу техникасы және бағдарламамен қамтамасыз ету» мамандығына оқуға тапсырады. Алғыр, елгезектігімен көзге түскен ол колледжді ойдағыдай аяқтап, кәсіби маман атанады. Білімге құштар жігіт бұнымен тоқтап қалмады. Жоғары білімді маман атануды көздеген ол бүгінде Қазақ жол-қатынас университетінде «Ақпараттық жүйелер» мамандығы бойынша білім алатынырады. Әлішер церебральды сал ауруының орташа түріне шалдыққанына қарамастан ешқашан ерік-жігерін жоғалтқан емес. Денсаулығына қарамастан түрлі салада жұмыс істеп көрді. «Жастар практикасы», салық басқармасы, колледж баспаханасы – міне бұл жұмыс орындарының барлығы дерлік Әлішерді таниды, оның еңбекқорлығы мен таудай талабына қызыға қарайды, құрмет тұтады және онымен мақтанады.

құрастырып үлгірген. Ол өз орталығының жұмысын одан әрі жетілдіріп, дамытығы келді. Әрине, бұл орайда мәселе ақшаға келіп тірелері сөзсіз. Осы мақсатта ол Жезқазған қаласы әкімдігі мен жастар ресурстық орталығы ұйымдастырып жатқан «Үздік бизнес жоба – 2019» конкурсына қатысып бақ сынағанды жөн санайды. – «Құласаң – нардан құла» деген ғой халқымыз. Сол сөзбені де бақ сынап көруден қашқан емеспін. Алған бетінен қайтпаған жан ғана жетістіктерге жетеді, – дейді Әлішер. Осы мақсатпен ол бизнес жоба дайындады. Бұл жолғы бизнес жобасын ол «Балабақша тәрбиеленушілеріне робототехника курстарын үйрету» тақырыбында ұсынды. – Биылғы оқу жылынан бастап, барлық мектептерде робототехника сыныптары ашылды. Бұл – робототехника курстарына келетін оқушылар санының азаюына әкеп соқтырды. Сол сөзбені мен робототехника курсын балабақшадағы бүлдіршіндерге үйретуге шешім қабылдадым. Бала күннен ерте жастан үйренген білім есте мәңгі сақталады. Дегенмен мектептердегі робототехникадан сабақ беретін мұғалімдердің барлығы осы саланы жетік меңгерген жас мамандар дей алмаймын. Сол сөзбені, мен де білімдіміз жетілдіріп, бәсекеге тұра алатындай жұмыс істеу үшін талмай еңбектенетін боламын, – дейді ол. «Үздік бизнес жоба – 2019» конкурсына өз жобасын ұсынығанда Әлішер үш жүз мыңға жуық ғана қаржы сұрады. Сол қаржыға арнайы планшеттер алмақ ниетін білдірді. Жігерлі жасқа барынша қолдау көрсетуге тырысқан қала әкімі бастаған ұйымдастырушылар мен комиссия құрамы конкурсының Әлішерге жеті жүз мың теңгелік сертификатты



табыстады. Осылайша конкурс нәтижесінде Бас жүлдеден кейінгі қомақты мән Әлішерге бұйырды. Ол бұл қаржыға орталығына жаңа робот бөлшектері мен планшеттер алуды жоспарлауда. – Шынымыз айтсам, «Үздік бизнес жоба – 2019» конкурсының жеңімпаздарының қатарынан көрінгеніміз өзім де сенбедім. Сол күні менімен бірге барған әжем де қуаныштан көз жасына ерік берді. Әрине, қуанышымда шек жоқ. Мемлекет жастар үшін барлық жағдайды жасауда. Мен болашақта он екі мүшесі сау адамдар жетпеген талай жетістіктерге жететін боламын. Осы жолда

маған барынша қолдау көрсетіп жатқан мемлекетіме, ақ жүрек қала азаматтарына және қала әкімі Қайрат Бегімовке алғысым зор. Сенімдеріңізді ақтауға бар күшімді саламын, – дейді Әлішер. Бүгінде әйгілі кәсіпкерлердің бизнеске қатысты, өмірлік оқиғалар мен тұжырымдамаларға және тәжірибелерге негізделген кітаптарын оқып жүрген ол магистратураға түсіп, педагогикалық бағытта білім алатынырады келеді. Ендеше, талабына нұр жаусың Әлішер!

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

ЖАРҚЫН ІСТЕР БАСТАУЫ

Жақында «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС қолдауымен «Экосфера» қоғамдық бірлестігінің бастамасымен Жастар жылы аясында біршама игі істер ұйымдастырылды.

Іс-шараның мақсаты – жастардың жан-жақты дамуына ықпал жасап, олардың шығармашылығын шыңдап, еңбекке баулып, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру. Соны межеге алған жоғарыда аталған ұжым қаламызда бір ай көлемінде түрлі деңгейде шаралар өткізіп, жастардың қызығушылығын ояты. «Экосфера» ҚБ және «Жезқазған қаласы жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесімен бірлесе қаламыздағы жоғары және орта оқу орындары, жалпы орта білім беретін мектептің жастары қатысқан барлық шаралар биік деңгейде өтті. Солардың бірегейі ол қаламыздың әр аумағына 100 түп тал егу акциясы болатын. Үлкен құлшыныспен қала жастары атсалысқан бұл шара балабақшада да жалғасын табатын болады.



гимназиясының 11-сынып оқушысы Асылым Ералы және жүлделі II орынды 10-сынып оқушысы Кеміла Жолшараева иеленді. Ал жүлделі III орынды Қабден Шығысов атындағы №5 мектептің 11-сынып оқушысы Лаура Сатыбалды қанжығасына байлады. Жеңімпаздарды «Экосфера» қоғамдық бірлестігінің арнайы өкілі Ербол Тілеуберді құттықтап, жүлдегерлер мен қатысушыларға сертификат пен бағалы сыйлық, кубок тапсырды. Осы күні қаламыздағы жоғары және орта оқу орындары арасында «Экостарт» экологиялық эстафета ойындары ұйымдастырылды. Оның көздегені – жастарға табиғаттағы экологиялық нормаларды үйрету, қоршаған табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, спорт – денсаулық келті болса, олардың шымыр да, епті болып қалыптасуына бір табан жақындату. Эстафеталық ойынға әр командадан 6 ойыншы қатысты. Олар «Қоқс жина», «Мәгнит» (биобактериялар), «Өнімді жинау», «Эко жолы», «Толқын», «Қаппен жүгіру», «Арқан тартыс», «Кенгруден кем

емес», «Өрт сөндірушілер», «Ареал» сияқты эстафеталық ойындардан өзара сайысқа түсті. Сайыскерлерді қазылар алқасы 1-ден 5-ке дейін ұлай санымен бағалады. Командалар арасындағы сайыс өте тартысты өтті. Барлық қатысушылар намысты қолдан бермеуге тырысып бақты. Дегенмен елтілігі мен күштілігі, батылдығы мен шалшандығын танықандар оқ бойы оза шықты. Нәтижесінде жүлделі I орынды Жезқазған индустриалды-гуманитарлық колледжінің командасы жеңіп алды. Жүлделі II орынды Жезқазған политехникалық колледжі, III орынды Жезқазған индустриалды-гуманитарлық колледжінің екінші командасы еншіледі. Жеңімпаздарға арнайы сертификат, бағалы сыйлық және кубок берілді. Іс-шараларға қатысқан басқаларға да естелік сыйлықтар мен сертификаттар табысталды. Қала жастары осындай қызықты әрі пайдалы мол игі шарадан алған әсерлері зор екенін және ұйымдастырушыларға алғыстарын жеткізді.

Ізтелеу ТҮСІПОВ

ҚАТАРЛАСТАРЫН БИЗНЕСКЕ БАУЛЫДЫ

Бағыты айқын, ісі нәтижелі жастар қай кезде де, қай жерде де қолдауға ие. Сондай жастардың бірі – Жезқазғанның тумасы Ерсұлтан МАХАМБЕТОВ. Бүгінде Қарағанды қаласында тұрып жатқан Ерсұлтан бірнеше кәсіпті қатар алып жүр. Үйді безендіру жұмыстарымен айналысатын өндірістік «Ақниет-Алтын сапа» цехы және құрылыстық «Мүсілім.kz» жеке кәсіпкерлік орталықтарын ұйымдастырған ол алғашқы қызмет жолын Жезқазған қалалық халыққа қызмет көрсету орталығынан бастаған.

Жезқазған қалалық жастар ресурстық орталығының шақыруымен туған жеріне атбасын тіреген ол қаламыздың бірнеше оқу орындарындағы жастармен кездесіп, «Жарқын ақыл» білім және даму орталығына да бас сұқты. Орталықтың коворкинг залында ұйымдастырылған шараға Ерсұлтан Махамбеттен бөлек Жезқазған қалалық жастар ресурстық орталығының директоры Ботакөз Мұхиден, «Сотрапу Олге» ЖШС басшысы Ыдырыс Қозайдаров, «Жарқын ақыл» білім және даму орталығының басшысы Ақансері Сүйлейменовпен қатар қала жастары да қатысты. – Кәсіптің кіші, орта немесе үлкен болғаны маңызды емес. Бастысы – өз ісінді алға домалатуға деген зор ынта мен сенім болғаны абзал. Заңгер-кәсіпші болып жұмыс істеп жүрген мен үшін бірден жеке кәсіпке ауысу оңай болмады. Алдымен, Ахметбек Нұрсилла, Нұрлан Байділда сынды бизнес-тренерлердің сабақтарына қатыстым. Ел арасында «Бизнес-тренерлердің еш пайдасы жоқ. Олар тек өз қалталарын қолдайтын, жұрттың ақшасын жинап алғанды ғана біледі» деген пікірлік жиі кездеседі. Бірақ мен жоғарыда атап өткен бизнес-тренерлердің сабақтарына қатысу арқылы нәлден және қаржы құю арқылы бизнес бастау жұмыстарымен танысуға мүмкіндік алдым. Мен ұйымдастырған «Ақниет-Алтын сапа» мен «Мүсілім.



қз» орталықтары құрылыс, үй бөлмелерін безендіру, қыз жасауларын және қыздың дүниесі салынатын арнайы сандықтар жасау жұмыстарымен айналысады. Жастар тарапынан маған жиі қойылатын сұрақ – ол менің тайлық табысым. Шығындардың барлығын алып тастағанда ай сайын алты жүз мың теңгеді табыс табымын. Естеріңізді болсын, егер сізге кез келген бір тұтынушы хабарласып, белгілі бір затқа тапсырыс беретінін айттып, бағасын біліп ойлану қалуы мүмкін. Сондай жағдайда сіз ешқашан диалогты «Жақсы, өзіңіз білесіз» деген мағынада жалғастырмаңыз. Бұндай жағдайда сіз керісінше өзіңіз ұсынып отырған тауардың өте сапалы әрі қол жұмысын екендігін айттып, аздап жеңілдік жасаңыз немесе шағын өкініш бұйымды сыйлық ретінде ұсынатыныңызды айттыңыз. Сондай жағдайда ғана тасыңыз ерге домалайды. Кәсіпкер бір жағынан психолог болуы керек, – деді өз сөзінде Ерсұлтан Махамбет. Шара соңында сөз алған Ботакөз Мұхиден жас кәсіпкерлерге қолдау көрсету мақсатында қаламызда атқарылып жатқан жұмыстар және болашақта атқарыла мақ жұмыстармен таныстырып, жезқазғандық жастармен арнайы жүздесуге келген Ерсұлтанға рақметін айтты.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

АЛТЫН ОРДА – 750

Биыл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша Ұлық Ұлыс – Алтын Орданың 750 жылдығы жер-жерде аталып, тағылымды шаралар өтуде. Сонымен қатар Еуразия кеңістігіндегі осы алып мемлекеттің іргесі сөгілгеніне де 600 жыл болыпты. Мұның бір айғағы – әйгілі Едіге дастаны.



Алтын Орда мемлекетінің соңғы кезеңі ауыр бұлғаққа тап болып, алып империя әлеуметтік-саяси ірі күйзеліске ұшырағаны белгілі. Жарты әлемді ұсында ұстап, Ертістен Дунайға, Сырдан Сібірге дейінгі Ұлы даланы ең жайлаған Ұлық ұлыс ұрпақтарының басынан бағы, астынан тағы шайқалған аласапыран заман туған. Қазақ ескілігінде бұл кезеңді «Нар мойны Бердібекте кесілді» деп түйіндеген Әлбетте, бұл әуезеңің шындығы тарихи деректер арқылы да нақтылы дәлелденіп отыр. Бақталастықтан басталып, ақыры тақталастыққа ұласқан Бердібектен Мамайға дейінгі (1360-1380) жиырма жыл ішінде ордада он төрт хан төңкеріледі. Қолбасы Мамайдың 1380 жылы әйгілі Куликово шайқасында Дмитрий Донской тарапынан жеңіліуі жаһандық тарихтың таразы басын өзгеше аударған, әлемнің геосаяси жүйесін басқаша арнаға бұрған Алаш баласы үшін алапат оқиға болады. Алтын Орданың құлауымен бірге оның шығыс тарапын-

лекетінің саяси ғұмыры сарқылып, Ұлық ұлыс ыдырап бітеді. Енді оның орнына Қазан, Қырым, Астрахан секілді ұсақ хандықтар пайда бола бастайды. Тұтас бір дәуір аунап, гүрс етіп құлаған қарт бәйтеректің суалмаған тамырынан нәр алған жас шіліктер өне бастайды. Әрине, соның тамырлы да ғұмырлы, көгенді бір өскіні – қара шаңырақ Қазақ ордасының болашақ келбеті еді. Шежірелі қазақ елінде сақталған «Едіге батыр» эпопеясы – халық поэзиясының жауһарына айналған асыл мұра. Ол туралы академик Әлкей Марғұлан «Дүниежүзілік батырлар жырларындағы ең тамаша кейіпкердің бірі – XIV ғасырдың екінші жартысынан XV ғасырдың басына дейін өмір сүрген данышпан Едіге. Ол ежелден бері еркіндікті сүйген батыр болып келген, жауынан тайсап қорықпаған қазақ халқының қаһармандық сипатын бойына жинаған марғасқа тұлға болды», деп баға берген болатын. «Едіге батыр» эпопеясы Алтын Орданың алып рухының сынығындай Алтайдан Анадолыға, Қырым бойынан қиыр солтүстікте Сібірге дейінгі байтақ өлкені мекендеген бауырлас



ЕР ЕДІГЕ ЖӘНЕ ЕЛДІК МҮДДЕ



да Әмір Темір билік өткен жаңа держава бой түзей бастайды. Дәл осындай ауыр кезеңде ұлыс билігіне халқы «Ел қамын жеген Едіге», «Едігенің майлы жұрты», «Жалғызға таяқ, жасауға ат болған Едіге» деп ардақтаған көрнекті мемлекет қайраткері, әскери ірі қолбасшы Едіге келеді. Ақмаңғыт руынан шыққан Едіге би саясат сахнасына жай келмей, ақсүйек көкжал Тоқтамыс ханмен текетіресіп, сол кезеңде Орта Азияда жаралы жолбарысқа айналған Әмір Темірмен ымыраласып, тар заманда тақ-аударыспақ ойнап келеді. Бұл мәселенің экономикалық-саяси күрделі сыры бар екені туралы қазақтың белгілі мемлекет қайраткері Нәзір Төреқұлов қарақалпақ арасынан жиналған «Едіге» дастанын алғаш рет 1936 жылы Мәскеуде жариялағанда жазған алғысөзінде былай деп тоқталады: «XIV ғасырда сауда жолдары өзгеріп, дүнианың аударылып-төңкеріліп жатқан кезі еді. Әмір Темір Үндістан, Иран, Кавказ, Анадолы жұрттарын қолға алып, күншығыс пен күнбатыс елдерінің саудасын бір-біріне байлады. Бірақ күншығыс пен күнбатыс арасында Еділ бойында Әмір Темірге мойынсынбайтын Тоқтамыс хан бар еді. Бұл бөгетті жою керек болды. Бұл мақсатқа жету үшін екі жол бар еді: Тоқтамыс өз еркімен мойынсына жарайды, өйтпесе Темір оны күшпен бағындыру шарасын ойлар болды. Дешті қыпшақ салтанатының ханы Тоқтамыс хан мен Орта Азия ханы Әмір Темір арасында болған соғыстың асыл себебі осы болса керек деп шамалаймын. «Едіге» дастанында Тоқтамысқа қарсы болған «партия» ханның саясатын жамандағанда «Сауда азайып, жұрт кедейленіп бара жатыр» деген мәңде сөздер бар. Бұл сөздер әншейін айтылған сөз емес. Бұның менен жоғарыда баяндалғандай сол ғасырдың жалпы экономика, жалпы саясат ағымдарына Едіге мәселесінің байлаулы екеніне бір дәлел деп білмекшіміз».

Осылайша Еуразия құрлығы аяғына тарлық етіп, бір-бірімен тірескен түрік жұртының үш дарабоз сырттанының тағдыр жолы әртүрлі кезеңде қасиетті Ұлытауда кейде найзаңың ұшымен, кейде дәм-тұздық күшімен түісіп-қиылысып отырады. Әмір Темір Қытайға жорыққа аттанар алдында Тоқтамысқа ұлы жорықтан кейін орданың тағына оны ие етуге уәде береді, өйткенмен аманаты орындай алмай сырттандардың талайғы сырына куә Сығанақ аймағында, Отырар шәрінде 1405 жылы кенеттен көз жұмады. Тоқтамыс хан Едігенің күйеу баласы Шедібектің қосыны тарапынан Ақмола даласында, Есіл өзені сағасында қолға түсіп, 1406 жылы өмірден озады. Едіге би 1419 жылы Тоқтамыстың баласы Қадырберді сұлтан тарапынан Сарайшық төңірегінде мерт болады, ақыры тіріде сыйыспаған Тоқтамыспен бірге Ұлытауда мәңгілікке жер бекіске бөленеді. Сексенге тақаған жасында Едіге қаза тапқанда Алтын Орда мем-

лекетінің саяси ғұмыры сарқылып, Ұлық ұлыс ыдырап бітеді. Енді оның орнына Қазан, Қырым, Астрахан секілді ұсақ хандықтар пайда бола бастайды. Тұтас бір дәуір аунап, гүрс етіп құлаған қарт бәйтеректің суалмаған тамырынан нәр алған жас шіліктер өне бастайды. Әрине, соның тамырлы да ғұмырлы, көгенді бір өскіні – қара шаңырақ Қазақ ордасының болашақ келбеті еді. Шежірелі қазақ елінде сақталған «Едіге батыр» эпопеясы – халық поэзиясының жауһарына айналған асыл мұра. Ол туралы академик Әлкей Марғұлан «Дүниежүзілік батырлар жырларындағы ең тамаша кейіпкердің бірі – XIV ғасырдың екінші жартысынан XV ғасырдың басына дейін өмір сүрген данышпан Едіге. Ол ежелден бері еркіндікті сүйген батыр болып келген, жауынан тайсап қорықпаған қазақ халқының қаһармандық сипатын бойына жинаған марғасқа тұлға болды», деп баға берген болатын. «Едіге батыр» эпопеясы Алтын Орданың алып рухының сынығындай Алтайдан Анадолыға, Қырым бойынан қиыр солтүстікте Сібірге дейінгі байтақ өлкені мекендеген бауырлас

тақ шайқалып, мемлекеттің тұтастығына қауіп төніп, Шыңғыс тұқымы ақсүйек Тоқтамыстың тағына «қарадан» шыққан тұлғаның дәстүрлі Ұлы жасақ заңын өрескел бұзып талас қылуы – Алтын Орданың саяси элитасын дағдарысқа түсіріп, Отанның тағдырын тығырыққа тіреген, шешімі қиын, ел иелерін жолайырық бағытты таңдауға тәуекел етуге мәжбүрлеген тосын оқиға болғаны анық. Бұрын-соңды тарихта болмаған бұл төтенше жағдайдан тура жол таба алмай елдің игі жақсылары қиналады. Эпос бұл күрмеуді шешуді, яғни Алтын Орда жұрты тап болған тағдыршешті түйінді тарқатуды «жүз сексен бес жасаған, қаздың етін асаған, аузында отыз тісі босаған, жағын шөйі жібекпен тарттырған, салтанатын үлде-бүлдемен арттырған» қарт баба Сыпыра жырау Сурғылтұйылына тапсырады. Жырау былай деп толғайды: – Мен қартыңмын, қартыңмын, Не көрмеген қартыңмын! Он екі тұтам оқ тартқан Онан соңғы ер Шыңғыс, Оны да көрген қартыңмын. Ұлы бабан Домбауыл, Соны көрген қартыңмын. Жас та болса Тоғым хан, Мен сені көрген қартыңмын! Осылайша Сыпыра жырау талай дәуірдегі хандарды көрген, дүйім замандармен құрдаас мифтік абыз қария бейнесінде көрінеді. Әдетте түркі жұрты мен оны билеуші хандар ел тағдыры аумалы-төкпелі болып сынға түсіп, бұлдыр кезеңге тап болғанда абыз жыраудан ақыл сұрап, болашағын болжапты, мұратын ондаттып келген. Алтын Ордада алып мемлекеттің тағдырына қатысты жырау ауыр үкім, қатал шешім қабылдайды. Өзгеше сөйлеп мейімен келеуі, болашақ ұрпақтың алдында жауапкершіліктен жалтаруға ар-ұжданы жібермейді. Алтын тақтың мызғымай баянды болуын тілеген Сыпыра жырау елді сендетіп, жұртты теңселткен ауыр сауалдың жауабын екі-ақ ауыз сөзбен қайтарды. Тоқтамысқа қарата айтқан ұлы жыраудың байлауы мынау болды: «Едігені алдап-сулап қасына ал, қасына ал да басын ал!» Терең астарлы мәтелге айналған бұл сөз елдің есінде талай аңыз бен жыраға, нөбір оқиғаларға тамыздық болып жаңғырып келеді. Осы арқылы жыр Отанға опасыздық, елге ірікті бүлік салуды қатаң айыптап, мемлекеттің іргесі берік болуды, оған ұрпақтар әрдайым адал болуды дәріпттейді. Жырау ханның мызғымас тағынан, мемлекеттің іргесінің бүтіндігінен артық ештеңе жоқтығын, тіпті Алтын Орданың әскерінің сол қанатын билеген, ардақты Едіге бидің де өз жаны одан артық емес екенін жария етеді. Сонымен бірге жыр Едігенің бөтен елдің патшасы Сөтемірмен ауыз жалаушы ордаға әскер өкелген сәтін бастап дедар хан Тоқтамысты жақтап, керісінше бас кейіпкер Едігенің мінін ашып жырлайды. Тоқтамыс хан ордасына он үш жылдан кейін оралатынын айтып, халқымен қоштасады. Тоқтамыс ханның ел-жерімен қоштасуы қазақ жыраулар поэзиясының інжу-маржанына өзгеше өрнек қалдырып, арналы үлгі болған лирикалық толғаныстан туған нәрлі шумақтардан тұрады. Жырдың басында мадақталған Едігенің ордаға жат жұрттан әскер енгізген соң пендешілік сыры ашыла түседі. Ақыры ол туған ұлы Нұралынның қаһарынан көзі шығып, қолы сынған соқыр шалға айналады. Тоқтамыс өлгенімен, оның ұлы Қадырберді сұлтан қайта келіп аталы-балалы соқыр Едіге мен оның ұлы Нұралынды сөзбен қорлап, кеудесіне қарғып мінеді. Осы қорлыққа шыдамаған аталы-балалы екеуі намыстан құсаланып жарылып өледі. Тарихи деректерде Қадырбердінің Едігені мерт еткен оқиғасы 1419 жылы болған деп топылланады. Әлбетте, эпос тікелей тарихи оқиғаны айғақтайтын түбіртек көшірме емес. Ол – тарихқа берген халықтың бағасы, ірі оқиғаның көркемдікпен тұтастанған жиынтық шежіресі. Мәселен, жырда Тоқтамыстың, Едігенің Мәскеуге жасаған жорығы, Сөтемірдің (Әмір Темірдің) Тұранның данқты өмірі болған салтанаты туралы ешқандай суреттеу кездеспейді. Жырда Едіге негізінен жау түсірген батыр емес, тек қана дана би бейнесінде сомдалады. Тарихи эпос Темір мен Едігенің 1395 жылы Тоқтамысты ойсырата жеңіп, Сарай қаласын қүйреткені, Едігенің

1399 жылы Ворскла өзені бойында ұлы князь Витовт басқарған Литва-Польша әскерін талқандап жеңгені, Киевті өртеп, 3000 рубль салық алғаны, 1403 жылы Мәскеуге жорық жасағаны, 1406 жылы Әмір Темір дүниеден өткен соң бір жыл ішінде Хорезмді қайтарып алғаны туралы ешқандай мәлімет бермейді. Әрине, бұл көркем эпостың мұратына да, шартына да жатпайды. Едігенің қайраткерлік қыры туралы В.М.Жирмунский былай деп баға береді: «Ол ханның өзімен күресе жүріп феодал сұлтандардың тұрақты қарсылығына тап болғанымен, Мамайдың қолы жетпеген биікті бағындыра алды. Алтын Орданың саяси тұтастығын қалпына келтіріп, Витовтты қүйрете жеңу арқылы билігін бекіте түсті. Хорезмді өзіне қаратып, Мәскеуге жорық жасау ақылы оның әскери және халықаралық мәртебесі арта түсті». Халықтың жүрегінен туған ғажайып «Едіге» эпосына 1944 жылы кенеттен сталиндік-тоталитарлық жүйенің қара бұлты үйіріледі. Жырда Едігенің бөтен халықтарды, соның ішінде Мәскеуді шапқаны туралы бір ауыз сөз айтылмаса да қырағы коммунистер тарихи Алтын Орда билеушілері Тоқтамыс пен Едігенің Мәскеуге жасаған жорығын алға тартып, халық мұрасына тосқауыл жасап, жариялауға тыйым салдырып, оны жарыққа шығарған ғалымдарды қатаң жазалады. Қарақалпақстанда жырау Ерполат Рамбердиұлын 1938 жылы түрмеге қамап, қарияны 76 жасында азаптап өлтіргені «Едіге» эпосының жолы аса шырғалаң болғанын көрсетеді. СОКП Орталық Комитетінің Таттар халқының «Идегәй» эпосын «хандық-феодалдық мұраның» қара тізіміне қосқан дауылды қаулы қабылдайды. Осы құжаттар арқылы қазақ руханиятының ежелгі жауһарлары мен еліміздің өткен тарихындағы даңқты қаһармандарына толығымен қара күйе жағылып, соның ішінде «Едіге» эпосы қара түннеке батырылады. Арада елу жылдан соң Қазақстанда «Едіге» эпосы 1989 жылы ғана «Жұлдыз» журналында жарияланып, тәуелсіздіктің жаршысындай еліне оралады. Бүгінгі ұрпақ үшін азаттықтың арқасында оралған ата мұраларымызды көзіңіз қарашығандай аялап, зейініне тоқып, өлемге әйгілі Едігедей ірі қайраткер тұлғамызды өз дәрежесінде ұлықтау пәрәз, әрі қарыз. Биыл түркі халықтарының ерлігі мен елдігінің тамаша көрінісі болған «Едіге» эпосына 600 жыл толып отыр. Әлбетте, зерттеушілер Едіге туралы жыр-аңыздар, түрлі дақпырт-әпсаналар оның көзі тірісінде елге кең тарала бастағанын айтады. Академик Әлкей Марғұлан 1940 жылы «Едіге» эпосына 560 жыл болғандығы туралы мәлімет келтіреді, шамасы ғалым эпос әйгілі қолбасының қырық жасқа толып, атағы қаулап тұрған тұсында пайда болғандығын жорамалдап, елдің өсіне салуды жөн көрген сынды. Әлбетте қандай бір эпостың туған мерзімін тап басып анықтау күрделі мәселе, өйткені эпикалық сүйекті туындының сюжеттік желісі қалыптасып, одан кейін жыраулардың құлағына шалынып, толысып-пісіп, жинақталып-топталуы бір жылда немесе бір күнде бола қалатын шаруа емес, ұзақ жылдар мен замандарды қамтитын күрделі құбылыс. Алайда, іргелі ғалымдар эпостың тууына «Жоқтау» жырының баспалдақ болатынын, оның бір дәлелі әйгілі – Құлтөгінді жырлаған Иолық Тегін жыраудың толғауы екендігін алға тартады. Олай болса, биыл түркінің ұлы мемлекет қайраткері, әйгілі әскери қолбасы, Едіге бидің қайтыс болғанына, сонымен бірге ол туралы «Едіге» эпосының туып қалыптасқанына 600 жыл толды деп есептеуге негіз бар. Демек, Алтын Орданың 750 жылдығы қарсаңында алып империяның сол қанатының қолбасшысы болған, Ұлық Ұлыстың билігін 20 жылдай ұсында ұстаған «ел қамын жеген Едіге» атанған ұлы тұлғаның мұрасын зерделе – тамырлас түркі жұртының рухани мұрасын түгендейтін, ұрпақты елдік санаға бастатын ұлағатты да тағылымды іс болмақ деп пайымдаймыз. Дархан ҚЫДЫРӘЛІ «Egemen Qazaqstan»

АҚЫН, ӘНШІ ТАЙЖАН ҚАЛМАҒАМБЕТОВТИҢ ТУҒАНЫНА 140 ЖЫЛ

ДАЛА САХНАСЫНЫҢ ДҮЛДҮЛІ



Тайжан Қалмағамбетұлы 1879 жылы Ұлытау ауданындағы Айыртау бектерінің Қаратал деген елді-мекенінде дүниеге келді. Ақынның әкесі Қалмағамбет елге сыйлы, молдалық құрған тақуа адам екен. Анасы Мейіз – «Гәкү» әнімен өйгілі болған қазақтың сыршыл ақын әрі әуезді әншісі Үкілі Ыбырайдың туған апасы. Жастайынан ән-жырға, шешендік сөзге әуес болған Тайжанның суырып салып өлең шығаруы ерте байқалады. Алғашқы ақындық атын шығарған «Сегізден бастап сенделдім» деген өлеңін 1892 жылы он үш жасында шығарыпты. Содан бастап өнер жолын қуған ол өз тұсындағы көптеген ақындармен айтысып, халықтың қошеметіне бөленген. Ұлытау өңірінде дүниеге келген Тайжан ақын тек осы аймақты төңіректеп қалған адам емес. Талантты ақынның өткір сөзі мен асқақ үні Сырды да, қырды да кезген. Халық ақыны Нұртай Бекжанов: «Мен Тайжанды ұстаз тұтамын. Тайжан ені кең құлашты, көрбаз, терең сырлы, лирикалық шырайлы шығармалар. Даусы құлаққа қонымды. Әуені – әсерлі де мөлдір, үні асқақ, тыңдаушылары әрдайым сүйсініп, сүйіп тыңдайтын еді», – деп сүйсінуі соның айғағы болса керек. Тайжекеңнің бойындағы өнері сан қырлы болған ғой. Ол – ақын, әнші, сазгер, биші, жырау, сайқымазақ, палуан, шабандоз болыпты. Былайша айтқанда, дала сахнасының дүлдүлі десе келеді. Дегенмен халық оны «Тайжан ақын» деп дәріптеген.

Тайжан жайлы сөз қозғағанда Үкілі Ыбырай Сандыбайұлын айналп өту мүмкін емес. Өйткені оған өнер жолында нағашысының ықпалы тигені анық. Ұлытау өңірінде суырып салып, өлең-жыр шығаруымен танылған бала Тайжан атақты Ыбырай ақыннан бата алуға ниеттеніп, ат жалын тартып мінетін 15-16 жасқа жеткен соң Кекше еліндегі нағашы жұртына келеді. Үкілі Ыбырай жиені Тайжан келген соң маңайына сауықшып жігіттерін жинап, атақты «Гәкүні» әуелетіп ел аралап, қыс бойы сауық-сайран құрады. Қызылжар, Атбасар, Ақмола жәрмеңкелерінде болып, сырнайшы Тайжан атанған ол мауқын басып, елге аттандарда:

Әкем сүйіп қойыпты – атым Тайжан,
Ақынның өз елімде атын жайған.
Осы жақта нағашым бар дегенге,
Келіп ем бата алғалы Ыбырайдан.



Алыстан іздеп келген нағашымсың,
Биіктен қол артатын ағашымсың.
Берсең де дүние-мал мен алмаймың,
Бата бер, жиеніңнің бағы ашылсын, –
деп нағашысынан бата сұраған ғой.

Бұған дейінгі сан отырыстарда Тайжанның ақындық, әншілік талабын байқап, бағалап жүрген Ыбырай риза болып: «Қандай жайсаң мен жорғаға болса да жарысқа салуға жараған екенсің, жай қолыңды», – деп батасын беріпті.

Сөйтіп, Тайжан Арқаның ақиық әншілерінің ортасын емін-еркін аралап өскен. Ол Біржаң, Ақан, Ыбырай сияқты керемет әншілердің туындыларын Ұлытау, Жезқазған жеріне, Сыр бойы мен Қаратау еліне дейін жеткізген. Алғаш рет Тайжан ақын 1934 жылы Алматыда өткізілген республикалық халық өнерпаздарының слетінде кеңінен танылып, оның талантын ел басшылары да мойындаған. Соған орай қазақ даласының түпкір-түпкірінен келген ақындар арасында Жамбыл Жабаев пен Тайжан Қалмағамбетовке ғана республикалық дербес зейнетақы тағайындалған. Шабытына шабыт қосқан Тайжекең 1936 жылы Мәскеу қаласында өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне қатысады. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, ақын Көкімбек Салықов бұл туралы былай деп жазғаны бар: «Мәскеудегі «Үлкен театрда» кеңес үкіметінің сол кездегі көсемдерінің көзінше өткен алғашқы ақындар мен әншілердің концертін бастау Тайжан Қалмағамбетовтің үлесіне тиді. Гармоньдатқан өжет ақын, ақиық қырандай шарықтап тұрған шағында қазақ халқының ұғымындағы әрі әнші, әрі сазгер нағыз ақын қандай болатынын айдан анық танытты. Ертеңінде Тайжекеңнің өлеңдері барлық одақтық газеттерде жарияланып, Жамбыл атамыздан кейінгі тақуа тұрған қазақ дүлдүлі іспеттес ой тастады. Оның Жамбылмен, Күлешпен түскен суреттері газеттерде күнбе-күн көрініп тұрды. Өйткені, оның өлеңдерін сол кездегі орыстың өйгілі ақындары Павел Кузнецов, Константин Алтайскийлер аударып, ақынның атағын бүкіл одаққа паш етті. Бұл сапардан Жамбыл орденмен оралса, Тайжан Жоғарғы Кеңестің Құрмет грамотасымен марапатталды».

Әнім бар «Сақ-сақ» деген баға жетпес,
Өйгілі «Гәкүге» ол болар төндес,
Мәскеуде онкүндікте сахна ашып,
Құрдас-көсем Сталинмен болдым дәмдес, – деп Тайжекеңнің жырлайтыны осы жолы болатын.

Тайжекеңнің ерекше өнері туралы жазушылар Сәбит Мұқанов, Мұхамеджан Қаратаев, драматург Шахмет Құсайынов, академик-композитор Ахмет Жұбанов және басқа да көптеген белгілі тұлғалар тамаша баға берген. Ол кісі Жамбылмен, Кененмен, Шашубаймен жақсы қарым-қатынаста болып, Болман, Иманжан және басқа да ақындармен айтсақ түскен «Әні де Тайжекеңнің ерекше, ағып айтатын, тегін сөйлейтін. Тайжанда талабына серік өзінің домбырасы, гармоны, қобызы да бар болатын», – депті халық ақыны Кеңен Әзірбаев. Талай тамаша өнерінің куәсі болған академик Қаныш Сәтбаев: «Тайжан Қалмағамбетов – қазақ мәдениетін жоғары көтеріп, дамытуға үлес қосқан жан. Өркендеген өнердің шаңырағын көтеріскен дарын иесі», – деп баға берген екен. Жастайынан ән-жырға жүйрік болған ақын туралы кезінде қаламгер-журналист Әбілқасен Әмірәлин мен өлкетанушы Сүтөмен Бүкіровтің там-тұмдал жазғандары бар. Сол заманға сай «Октябрь күдіреті», «Мен қайтып Мәскеу барым», «Ленинге», «Серго Орджоникидзеге» сияқты кенестік өкіметтің қолайлы жағатын өлеңдер жазғанына қарамастан, Тайжекең «халық жауы» деген жалған жаламен тұтқындалып, отыз жетінің ойранында опат болды. Осы солақай саясаттың салдарынан ақын есімі ұзақ жылдар ауызға алынбай, шығармашылық мұралары өшіп қала жаздағаны түсінікті болса керек.

...Әкініштісі сол, зобалаң жылдарда ел рухын көтеріп жүрген абзал ақынға жала жабылып, 1937 жылғы 21 маусымда «халық жауы» ретінде ұсталып кетті. Қарсақбай

Қазақ өнеріндегі дүлдүлдердің бірі, ақын әрі әнші Тайжан Қалмағамбетовтің туғанына биыл 140 жыл толып отыр. Осыған орай, ақынның туған өңірі Ұлытау ауданында Тайжан әндерін сырнаймен қосылып орындаушылардың конкурсы алғашқы рет қанат қақса, Сәтбаев қаласы Тайжан әндерін орындаушылардың республикалық байқауын екінші рет рет өткізіп жақсы дәстүрді жалғастыра білді. Негізінде, Тайжекеңді еске алу Жезқазғанда жыл басында өткен «Ұлытау үні» фестивалінен бастау алған болатын. Қарағанды, Қарсақбай, Жезқазған өндіріс ошақтарына өлең-жырларын арнаған өнерпаз тұлғаға қатысты келелі шараларды облыс көлемінен бастап ұйымдастырса да артық болмайды. Әттен, бір кең дүние демекші, басқасын айтпағанда, қаламыздағы Т.Қалмағамбетов есімін иемденіп отырған филармония ұжымының өнер дүлдүлін еске аларлық бір шырайлы кеш өткізуіне болатын еді ғой. Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасындағы: «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс», – деп атап көрсеткеніне орай халқымыздың ұлттық өнерінің жандануында өзіндік қолтаңбасын қалдырған Тайжан ақынның қоғамдық жүйенің аталсапыран кезеңіне дәл келген замандық өмір жолы мен өнер өрісі туралы тағы бір ой тербегенді жөн көрдік.



түрмесінен кейін Арал теңізіндегі «Барсақалмек» аралындағы абақтыда отырған деген бір дерек бар. Қай жерде, қалай қаза болғаны жайлы нақты ештеңе жоқ. Ана бір жылдары «Төректің станциясында атылған» деген бір әңгіменің шеті шығып еді. Ол да жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Қалас жерде бірге отырған Байдос Игібаев деген туысы тек былай деп басталатын соңғы жыр-аманатын алып келген көрінеді.

Қаласта көңіл қайғылы,
Көкірек толды санаға.
Душпанның сөзі сөр болып,
Өтірік құйдйі жалаға.
Міне, осылай жазықсыз жапа шегіп, құрбан болған аяулы ақынның мұралары 20 жылдай жалауқ дүниелер қатарында жатты. Немересі Жәлел Қалмағамбетов бас болып «Ақын Тайжан» қоғамдық қорын құрып, 2000 жылдардың басында біраз игі іске ұйтық болған-тын. Ақын Көкімбек Салықовтың құрастыруымен, қала әкімдігінің қаржылай қолдауымен Тайжан Қалмағамбетұлының «Сақ-сақ күлсін сырнаймын» атты жинағы басыпана кітап болып шықты. Онда Тайжекеңнің қырықшақты өлеңі, 13 әні бар өлеңі, 9 орыс ақындары аударған өлеңдері және Болманмен, Нұрғали ақынмен айтыстарының табылған нұсқалары топтастырылды. Сүтөмен Бүкіровтің, Өмірбек Мұқанұлының, Б.Аюбековтің Тайжекең туралы құнды естеліктері енгізілді. Сонымен қатар, Көкімбек ағамыздың 2004 жылы

«Ақын Тайжан» атты лирикалық поэмасы «Үш қиян» баспасынан кітап болып шықты. Ақынның академиялық толық шығармалар жинағын шығару жаңғыру мұраларын әлі де жинастыру қажет. Ұмыт бола бастаған Тайжан әндерін тіріліп, жинақтаумен 30 жылдан аса талмай айналысып жүрген Қазақстанның еңбек сіңірген өртісі, Т.Қалмағамбетов атындағы Жезқазған филармониясының әншісі Галым Мұхамеддиннің ерен еңбегін ерекше атап айтуға болады. Тайжекеңнің туыскандарынан одан қалды ел аралап жүргенде біледі-ау деген адамдардан там-тұмдал оншақты әнін үйреніп, өңдеп айналымға шығарды. Біраз өндерін республикалық эфир арқылы таратса, одан қалды алдына келген шәкірттеріне үйретуден жалықпады. Жоғарыда айтқан Тайжан әндерін орындаушылардың республикалық байгесінің өткізілуі – осы еңбектің жемісі. Қазір Тайжекең өндерін республикамыздың әр өңірінде жүрген өнерпаздардың орындайтынын байқауға болады.

Иә, жыр дүлдүлі, ән билубулы атанған Тайжан ақын мұралары әлі де болса кеңірек зерттеп, зерделеуді қажет етеді. Елімізде өркен жайған Рухани жаңғыру аясындағы бетбұрыс бұл іске оңтайлы мүмкіндіктер беріп отыр. Ең бастысы, осы жолдағы сең қозғалып, саналарда жаңаша сілкініс туындауда. Ендеше, жарқын істер жалғасын таба берсін дейік.

Амандық РАХУЛЫ

ЖЕЗҚАЗҒАН ТЕЛЕДИДАРЫНА 60 ЖЫЛ

Осыдан 60 жыл бұрын Жезқазған қаласында телестудияның негізі қаланып, алғашқы хабарлар эфирге шыға бастады. Әр қазақтың төрінен орын алған көгілдір экраннан сан түрлі құнды дүниелер жарық көріп, қалың көрерменге жол тартты.



Әкем сол кездегі көзі ашық, көкірегі ояу, ел алдында жүрген азаматтармен араласып белгілі академик Қаныш Сәтбаевпен де дәмдес болған. Ол кезде Қарсақбайдың клубына Қаныш аға келіп ошақ өндірісінде жұмыс жасайтын адамдармен, жұмыскерлермен, ауылдың ақсақалдарымен кездесіп, жиналыс ашатын. Қариялармен дастархан басында әңгіме құрайтын. Әкемнің айтқан ақылымен жол сілтеп, жас қала, өндіріс, жұмыс та сонда деп, мені Жезқазғанға жіберді.

1961 жылы наурыз айында Жезқазған қаласына келіп, құрбым Айшаның үйінде орналастым. Оның көршісі Абдімұрат Тоқпанбаев телестудияда жұмыс істейді екен, содан жас кадрлар жинақтап жатыр дегенді естідім.

Сол кездегі телестудия басшысы Керімбай Келбаев аға болды. Ол кісі Қарсақбайда райисполкомда қызмет жасап жүргенде Қарсақбайдың клубында көркемөнерпаздар ұйымының «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» қойылымында Сәдуақасов Сұлтан Қозы болып, мен Баян сұлу рөлін сомдағанымды көріп, «мұндай талантты жас мамандар телестудияға қажет деп», бірден жұмысқа алды. Телестудияға жұмысқа қабылданған күнім 12 сәуір болатын, тура алғашқы ғарышкер Юрий Гагариннің ғарышқа ұшқан күнімен тұспа-тұс келді. Сол күні ерекше есімде қалды: Ленин атындағы алаңда халық жиналып, бір-бірін қуанып құттықтап жатқан. Сол күннен бастап телестудияда режиссердің көмекшісі болып жұмысымды бастадым. Юрий Гагарин ғарышқа ұшқаны туралы бүкіл жер бетіне жариялаған Москвадан Орталық телерадионың дикторы белгілі Юрий Левитан да келді.

1961 жылы құрбымның үйінде бір отырыста өмірлік серігім Айдарханов Қаракеңмен таныстым, достығымыз жарасып, сол жылы 10 қазанда Қаракеңе тұрмысқа шықтым. Жолдасым Алматыдан оқу бітіріп келгеннен кейін комбинатта инженер-конструктор болып жұмыс істелті. Баспана алу үшін комбинаттан «Казмедстрой» тресіне жұмысқа ауысып, Қаракеңгір совхозында тұратын анасын көшіріп алыпты. Осылай бірге өмірлік жолымыз басталды.

1961 жылы телестудияда менің алғашқы ұстаздарым болған аға-апаларым Кобеева Зейнеп апа, Әмірәлин Әбілқасен аға, олардан басқа режиссерлар Борис Левин, режиссер-редакторлар Матушевич, Соколов, Валентина Головина, суретшілер Кіерин, Есен аға болды. Өзім сияқты жас маман қыздар, келіншектер Төлеу Әлімбаева, Рая Баймағанбетова, Сара Искакова болатын, ал алғашқы дикторларымыз Вера Башурова, Шұға Нұрмағанбетова, Саша Александров. Ол жылдары «запись»

деген жоқ, берген хабарларымыз «живьем» шығатын.

Телестудияда біраз ағалармен, замандастармен еңбек еттім: Өзбек Тәжібаев, Марина Нина Ивановна, Сапабек Мырзатов, Мәлік Алтырауов, Жанбау Бірманов, Аманжол Үсенов, Елизавета Калининко, Новоселова Галина, Ермакова Галина, т.б. Қаркөб Сейлханов аға Қарағанды театрына бізге режиссер болып келді. Ол кісі шағын-шағын спектакльдер қойып жүрді. «Раушан коммунист», «Құлпырма тоң», т.б. спектакльдерде өзіміз рөлдерін сомдап жүрдік. Балалар редакциясында Ақылбек Шайхин мен Янсин Эльвира редакторлар болды. Балаларға арналған бағдарламалар тек қана демалыс күндері сағат 11-де екі тілде болатын, оның жүргізушілері Вера, Пономарев Саша, Шинтурин Мақсұт болатын. Керімбай ағадан кейін бізге бастық болып Зиновий Львович Шкундин келді. Ол кісіден де әкелік қамқорлықты көп көрдік, үйрендік. Барлығы білгендерін үйретіп, үйреткендерін ұғып қалуға тырыстық. Сол кезде мыс заводты мен байыту фабрикасы заводтар салынып, бой көтере бастаған.

Телестудия қаламыздың рухани, мәдени ошағы болды, өнеркәсіптің дамығанын, қаланың есіп өркендеуін жеткізуге асығатынымыз. 1962 жылы 2-ші байыту фабрикасының құрылысы аяқталып соңы атап өтуге қала, өнеркәсіп құрылымдардың тағы басқа мекемелердің басшылары мен қызметкерлері «Восток» ресторанында жиналған. Сонда «Промстрой» құрылыс басқарманың басшысы Еникеев Қаракеңді жас маман ретінде мақтап

ЖАРҚЫН ЖЫЛДАР КУӘСІ



жатқан, оған телестудияның басшысы Шкундин Еникеевке «Это благодаря моей дочери Асии» деп жауап қайтарған. Сондай бір қызықтар болған.

Жезқазған телестудиясында 10 жыл еңбек етіп, 1970 жылы жолдасымның Қарағанды қаласына жұмыс ауыстыруына байланысты көшіп кеттік.

Қарағандыға көшіп барысымен Қарағанды облыстық телевизиясына жұмысқа орналастым. Ол кезде бастығы Аманбаев Қали Аликөвич деген кісі болды. Мені жаңа-

лықтар және «Сектор выпуска» деп аталатын редакцияға жіберді. Өте жақсы ортаға түстім. Қарағанды қаласында бірге қызмет жасаған әріптестерім бөріне белгілі: Капица Искакова, Рабиға Жабаева, Владимир Жоров, Майра Ахметова, Ескендір Ташмағанбетов, Галина Рахимова, Светлана Тарасова – ол кейін Алматыдағы Қазақстан телестудиясына ауысып кетті. Ал аталған кісілер кейін мәдениет саласының үздіктері болды. Басшымыз Қали Аманбаев аға зиялы, ел алдында жүрген ағалардың басын жиі қосатын. Олардың ішінде сол кезде Қарағанды облысы газеттерінен Ақселеу Сейдімбеков, Мақсұт Хали-

олин, т.б. ағалар келіп тұратын Қарағанды облыстық телевизиясындағы жылдар маған көп тәжірибе берді.

Отбасылық жағдайымызға байланысты 1979 жылы Жезқазған қаласына қайта көшіп келіп, өзімнің еңбек жолымды бастаған Жезқазған облыстық телевизиясында орыс редакциясында жұмысымды жалғастырдым. Өткен 10 жылдың арасында ұжым да көбейіпті, ортаға Сұлтан Жылқыбаев, Файзулла Қабылов, Марат Сандықбаев, Жүрсінбек Байнияз, Аманжол Арынбекова, Нонна Ким, Абрамина Татьяна, Қошанова Гүлнұш, Жұманова Заря, Бисеналиева Майра, т.б. әріптестер қосылды. Сапаков Едіге өнеркәсіптің дамығаны, шахта, жолдар туралы күрделі материалдар түсіріп, еңбек адамдардың, шопандардың күнделікті өмірлерін түсіре-тұғын. Аманжол Үсенов «Қамажай» деген хабар ұйымдастырып, оны Зейнеп Әбілбекова жүргізіп шахтада, заводта, ауыл шаруашылығындағы, медицина, білім салаларындағы қыз-келіншектерді шақырып, жақсы бағдарламалар түсіріп халық көңілінен орын табатын. Жамбау Бірманов Амангелді совхозында халық театрын ұйымдастырды. Ол кезде қаламызда театр жоқ. Барлық артистер, жазушылар біздің телестудияға келеді. Сол жерден түсірілімдер дайындалып, Жезқазған халқына көрсетеміз. Жаңа жылдың қарсаңында «Голубой огонек» деген музыкалық хабар жарық көрді, оны Елизавета Калининко жүргізе-тұғын. Осылай заманның талабына ілесіп жан-жақты жаңа хабарлар дайындайтынбыз. Жезқазған телевизиясының 25 жылдығына телевизия және радиохабарын тарату комитеті төрағасы Сағат Әшімбаев келген. 1985 жылдарға қарсы тағы бір тарихи оқиға – Жезқазған телевизиясы ақ-қара түстен, түрлі-түсті көрсетілімге ауысты. Ең бірінші түрлі-түсті хабарды мен эфирге шығардым. Кейінгі жылдары орыс жаңалықтар редакциясында Қунабай Төлеуов, Кешанова Гүлнұш, Хальзова Наташамен бірге жаңалықтарды дайындап, эфирге шығарып жүрдік.

Телестудия саласында 30 жылдан астам еңбек етіп, осыған 60 жылы. Телевизия саласымен бірге өстік, ол бізді өсірді. 30 жылдан астам мерей тойымыз құтты болып, телевизия саласы қарыштап, қарқындап дамысын! Қазіргі ұжымға шабыттарыңыз тасып, рухтарыңыз сергіп жүрсің деп тілеймін!

Әсия АЙДАРХАНОВА,
телевизия ардагері

БІРІНШІ БАЙЛЫҚ

КӨПБЕЙІНДІ АУРУХАНАНЫҢ ТӨЛҚУЖАТЫ

Театр киім ілгізген басталса, денсаулық сақтау мекемелері қабылдау бөлімшелерінен басталады. Қабылдау бөлімшесін медициналық мекеменің айнасына немесе визит картасына теңеуге болады. «Тазалық табалдырықтан» демекші, аурухананың ішкі «асханасына» араласып, дәрігерлердің тұрғындарға деген қарым-қатынасына терең бойламай-ақ қабылдау бөлімшесіне қарап ой тугеуе болатыны рас. Бұл жолы біздің редакция Жезқазған қалалық көпбейінді ауруханасының жаңа кейіпке енген диагностикалық қабылдау бөлімшесіне бас сұқты. Біздің журналист екенімізді аңғармаған медициналық персонал аяғынан тік тұрып қызмет етуге даяр екендерін көрсетті. «Денсаулығыңыз сыр берді ме?», «Қай жеріңіз ауырып тұр?», «Қандай шағымыңыз бар?» деп асты-үстімізге түскен медбихерлерді көргенде іштей риза болысқанымызды несіне жасырайық.



— Қабылдау бөлімшесі биыл күрделі жөндеуден өтті. Көріп тұрғандарыңыздай, оның бүгінгі келбетін өткен кезеңдермен салыстыруға мүлде келмейді. Палаталардың бәрі жаңарып, материалдық техникалық базаны нығайтуға мүмкіндік туды. Қабылдау бөлімшесі бүгінгі таңда өз жұмысын денсаулық сақтау министрлігінің №450 бұйрығы шеңберінде 3Н жүйесі бойынша жүзеге асырады, — деп бөлімшенің кең әрі жарық, жайлы да таза палаталарын аралата жүріп, жұмыс барысымен таныстырған бөлімшенің меңгерушісі Бауыржан Ешжанов — білікті хирург. Оңтүстік Қазақстан облысына қарасты Мақтаарал ауданында туып, өскен ол жастайынан дәрігер болып, ақ халатты киюді арман етті. Сол арманға жету жолында тынбай ізденіп, білім қуды. Өйткені, өзгенің өміріне жауапкершілік алып, дәрігер болу батылдықтың қоса терең білімді талап етеді. Арман қуып Қарағандыға келген жас мемлекеттік медициналық академиясының емдеу ісі факультетіне қабылданады. Оны сәтті аяқтаған соң мысты өлкеге жолдамамен келеді. Алғашқыда «Бес жылдық келісім-шартым бітісім» деп алдына асақ мақсат қойған Бауыржан қазақ өз өмірін Жезқазғансыз елестете де алмайды.

— Шыны көрек, келген бетке келісім-шарт аяқталған соң туған жерге ораламын немесе мегаполистерді бағындырамын деп ойлады. Дегенмен, уақыт өткен сайын есейіп, білімің толысады. Қазір мен үшін өзінің жеке басымның мүддесінен дертіне шыла іздегендердің хал-жағдайы жоғары тұрады. Сондықтан, жүрек қалауыммен келген ісімді еліміздің қай жерінде жалғаса да маңызды жоқ. Тек мына екі алақан науқастарға шыла болса болғаны, — деп ағынан жарылған бөлімше меңгерушісі болашағын Жезқазғанмен байланыстырады. Шаңырақ көтеріп, Әлихан мен Жәния есімді ұл-қыз сүйген бәрі әрине, ыстық болмағанда қатеді?! Айтпақшы, Бауыржан Ешжановтың өмірлік серігі де — ақ халатты абзал жанұар қатарынан. Жары Мөлдір «Жүрек» отбасылық дәрігерлік амбулаториясында абыройлы еңбек етуде.



болмас. Күн-түн демей тәулігіне 24 сағат қызмет көрсетуге дайын қабылдау бөлімшесінде негізгі дәрігерлер травматолог Ербол Асанов пен терапевт Алтын Исхақовадан бөлек кезекші дәрігерлер де бар. Солардың ішінде кезекшілікке түсетін жас маман Нұрлан Ибрагимов пен Хасан Абдисаматовты айтпаи кетпеске болмас. Олардың талабы мен талпынысын бағалаған аурухана басшылығы қос бірдей терапевт дәрігерін резидентурда реаниматолог мамандығына оқытып жатыр.



— Қазіргі таңда медицина саласында үлкен мәселелер бар тұрғындарға, ал «Жасыл аймақ» жоспары тұрде медициналық көмекке жүгінгендерге арналған Жедел жәрдем көлігімен жеткізілген ауыр халдегі науқастарға бірінші кезекте көмекке келеміз. Бұл дегеніміз өзге науқастар кезек күтіп, уақыт жоғалтады, дәрігер қарауынсыз қалады деген сөз емес. Біздің жұмыс оңтайландырылған. Тіркеу орнындағы медбихер орташа дерттанымы барлар мен жоспарлы түрде келген науқастардың құжаттарын дереу ресімдеп, қажетті маманға жолдайды, — деген Бауыржан Ешжанов бөлімшеге соңғы үлгідегі медициналық қондырғылармен қатар бағдарламалар орнатылғанын жеткізді.

— Мына тұрған монитор арқылы біздер қабылдау бөлімшесін бетке алған жедел жәрдем қызметін көре аламыз. «Адис.kz» деп аталған жүйе жедел жәрдем қызметі қай жерде, қандай науқасты алып келе жатқанын көре аламыз. Бұл жүйе уақыт үнемдеуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар, адам өмірін сақтап қалуға әрбір секунд маңызды екенін білесіздер. Ауыр халдегі науқасты жағдайын өртерек білу арқылы дәрігерлер отаға немесе басқа да процедураларға өртерек қамданады. Соның нәтижесінде науқас келген бетте біздер шұғыл түрде медициналық көмек көрсетіледі, — деген Бауыржан дәрігер қабылдау бөліміне түскен әр науқасқа аты-жөні мен диагнозы көрсетілген арнайы білезіктер тағылатынын айтты.

Ертеректе қабылдау бөлімшесіне келген науқас аурухананың жоғары кабинеттарына көтеріліп, рентген аппаратынан, асқазан-ішек жолдарын тексеретін құрылғы мен ультратябыстық зерттеуден өтуі керек болса, қазір аталған қызметтердің бәрі бірінші кабинетке көшірілген. Бұның бәрі өрне науқастың қамы үшін. Өйткені, өзі ауырып келген тұрғынға тоғыз кабинет аурухана ғимаратын шарлау қиындық тудыратын. Одан бөлек бөлімшеде шұғыл жеткізілген науқастарға ота жасау бөлімсі, барлық қажеттімен жабдықталған науқастарды бақылау палаталары бар. Терапевт, травматолог, хирург, педиатр дәрігерлерінің қабылдау бөлімшелері бар.

— Оң бір жылдың ішінде қанша ота жасағанымыз санамаппын. Бірақ, алдына келген әр науқастың есімін білсем де диагнозы мен бейнесін жадымда сақтап қаламын. Кейбірі далада кездесіп қалып, амандасып жатады. Дәрігер үшін пациент амандығын көруден асқан бақыт жоқ, — деген Бауыржан Қонысбайлы бастаған еңбекте абыройлы ұжымға алдағы күндері де елдің алғысын арқалауға тілектестік білдіремін.

Диана ОРАЗАЛИНА
Суреттерді түсірген
Фалия ӘБДИПАПРОВА

2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап енгізілген жаңа өзгерістер негізінде жұмыс жасайтын міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры жөнінде газетіміздің өткен санында толығырақ айтып өткен болатынбыз. Осыған орай жаңа аталмыш көмекке енген өзгерістер, оның тұрғындарға тигізер пайдасы туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстары Жезқазған қаласы тұрғындарына қарқынды түрде түсіндірілуде. Осы мақсатта қаламыздағы «Көшімбаева» отбасылық-дәрігерлік амбулаториясының меңгерушісі, терапевт дәрігер Күлзила Көшімбаева қызметкерлерімен кездесіп, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы кеңірек тарақтып, толғандырған мәселелерге қатысты нақты жауап берді.

ТИІМДІЛІГІН ТҮСІНДІРДІ



— Жаңа тиімді денсаулық сақтау жүйесін қалыптастыру қажеттілігі, көрсетілетін мед-

раиды. Осылайша сапа сұранысқа ие болады, — деді дәрігер Күлзила Көшімбаева.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы ақпарат-



циналық көмектің тиімділігін төмен екендігі бұрыннан айтылып келді. Сақтандыру медицинасы азаматтың тапқан табысына, ол үшін аударғын жарна көлеміне қарамастан медициналық көмектің барлық түрлерін алуына мүмкіндік береді. Оның ішінде жоспарлы стационарлық көмек те, дәрі-дәрмекпен қамту да, жоғары мамандандырылған медициналық қызмет түрлері мен оңалту да, диагностикалық-консультациялық көмек те, медбихе күтімі мен паллиативтік көмек те бар», — деген болатын міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіндегі өзгерістер туралы «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Нұр-Сұлтан қаласы бойынша филиалының директоры Нұрлыбек Қабыдқапаров. Сапалы медициналық көмек көрсету, қажетті дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету, сондай-ақ, еліміздегі үздік клиникаларда тиімді емделу және қымбат бағалы операциялар жасату мүмкіндігі жұмыс істейтін әр азаматтың денсаулығын сақтауға, еңбекке жарамсыздық қағаздарының мерзімін қысқартуға және жұмыс берушілердің шығындарын азайтуға ықпал етпек. Бұл арқылы медициналық көмек көрсететін мекемелер арасында бәсекелестік пайда болады. Сол арқылы олар тұрғындарға жай науқас емес, баға беретін тұтынушы ретінде қа-

тық-түсіндіру тобының өкілдері қалалық өкімдік ғимаратына да барып, жеке кәсіпкерлермен де кездесті. Аталған көмектің артықшылықтарымен танысқан жеке кәсіпкерлер аударым жасаудың тәртібі және ретін түсіндірді сұрады.

Хирургтер бұлшық етті қозғамай, омыртқа арнасына бүйір арқылы ота жасаудың жаңа әдісін меңгерді. Нәтижесінде омыртааралық жарық алынып тасталып, науқас екі күннен кейін ауруханадан шығарылады.



ОТАНЫҢ ЖАҢА ӘДІСІ — ТИІМДІ

Профессор Х. Ж. Мақажанов атындағы облыстық травматология және ортопедия орталығының дәрігерлері Қытай мен Ресей нейрохирургтарының қатысуымен өткізген мастер-класында осындай екі ота жасады. Орталықта жылына әртүрлі жерде орналасқан омыртқааралық дискінің омыртқааралық жарығын алып тастау бойынша 300-ге жуық операция өтеді. Аурудың ауырлығына байланысты операция ашық тәсілмен немесе эндоскопиялық (тесу арқылы) тәсілмен жүргізіледі. Бұндай операция кезінде омыртқаға жету үшін дәрігерлерге арқа бұлшық еттерінен қозғауға тура келеді.

«Кеше операция жасалды, бүгін таңертеңнен әлдеқайда жақсы болды. Аяққа сезімталдық қайтарылды және жалпы кеніл-күйім жақсы» — дейді Эвелина. Омыртқаның трансформинді эндоскопиялық хирургиясы омыртқаның бел бөлігінің жарықтарына (секвестренген жарықтар, экструдия және омыртқааралық диск протрузиясы), стеноздар кезінде, арқада ауырсыну синдромына операция жасауға мүмкіндік береді. Бірақ бұл операция барлық адамдарға емес, тек жоғары омыртқааралық дискі бар науқастарға жасалады, өйткені эндоскопиялық операция үшін кеңістік қажет. Омыртқа дискі қысылған кезде, операцияны мұндай түрлі мүмкін емес. Орталық дәрігерлері келесі жылғы желтоқсан 30-50 ота жасауды жоспарлап отыр.

90% жағдайда омыртқааралық жарықты алып тастау — бұл жоспарлы хирургия. 2020 жылдан бастап ол медициналық сақтандыру пакетіне кіреді және сақтандырылған пациент үшін тең болмақ.

Жанар РАКИШЕВА,
медициналық сақтандыру қорының Қарағанды филиалының бас маманы

АЙЫҚПАС ДЕРТТЕН САҚТАН

1 желтоқсанда әлем дүниежүзілік ЖИТС-пен күрес күнін атап өтетіні белгілі. Жыл сайын аталмыш күнге орай және тұрғындардың дерт жайында хабардар ету мақсатында апталықтар өткізіледі. Биыл шара «Қауымдастықтардың маңызы бар» атты ұрыныммен жалғасты. Қауымдастық дегеніміз — қандай да бір себептермен ортақ ұмтылыстарға, мақсаттарға және құрылымдарға ие болу үшін бір-біріне жеткілікті ортақ сезінетін адамдар тобы». Ендеше, дерттің алдын алу мен үдей түсуіне тосқауыл қоюда қауымдастықтардың ролі зор.

Қазіргі таңда қауымдастықтар ЖИТС-пен күреске әр түрлі тәсілдермен өз үлесін қосуда, осы індікке қарсы қауымдастықтарды жұмылдыру шаралары бүкіл әлемде сәтті өтуде. АИТВ/ЖИТС-пен ауыратын адамдар өздерінің өмірлеріне әсер ететін шешімдерге белсенді қатысуы тиіс. Әсіресе, АИТВ/ЖИТС-ке өте осал топтағы адамдар стигматизацияға ұшырағанда (мысалы, АИТВ/ЖИТС-пен өмір сүретін адамдар), кемісушілік болғанда (мысалы, секс-жұмыскерлері, инъекциялық есірткіні қолданушылар) қатысуы маңызды.

— Қан берген адамның азғасы тазарып, қысымы реттеледі. Донор болуға ықылас білдіргендердің азғасы регенерация үдерістерінің өтуіне байланысты жасарады. Әрі жүрек-қан тамырлар ауруларының алдын алуға көмектеседі. Иммундық жүйе жұмысын да жақсартады. Сонымен қатар, қан тапсыру кезінде арнайы сараптама мен

талдаулар жасалатыны белгілі. Ол өз кезегінде қан тапсырушыға денсаулығының дұрыс не бұрыс екенінен хабар береді. Көріп тұрғандарыңыздай, бір реттің ауруы барысында қолданатын құралдар бар тапсыр. Олар дәл қан тапсыру алдында жанадан ашылады. Сондықтан, қан тапсыру процесінен күдіктеніп, ауру жұқтырып алудан қорқудың қажеті жоқ. Бір адамнан 450 миллилитр қан алынады. Әр 2 ай сайын қан тапсырып тұруға болады. Жасы 18-ге толған, арнайы медициналық тексерілулерден өткен, қан тапсыруға қарсы көрсеткіші жоқ кез келген адам жеке күәлігін көрсету арқылы донор бола алады. Дегенмен, қан тапсырушыға қойылатын талаптар да жоқ емес. Бастысы оның салмағы 60 келіден төмен болмауы шарт. Және қан тапсыратын күннің қарсаңында кешкісің майлы, қуырылған,

ДОНОР КҮНІ

36 ЛИТР ҚАН ТАПСЫРДЫ

«Донор күні» шарасы Жезқазғанда ұйымдастырылды. Қарағанды облыстық қан тапсыру орталығының мамандары қаламызға арнайы келіп, өз еркімен қан тапсырған жезказғандықтардың көмегімен қан қорын тағы 36 литрге толықтырды.

Жезқазған көпбейінді ауруханасында өткен акцияға қатысуға ниет танытқандардың көпшілігі қуантпай қоймады. Қан тапсырып, басқа біреуге өмір сыйлау, әрине, сауапты ісі. Сонымен бірге, қан тапсыру дәрігерлердің айтуынша денсаулыққа тигізер пайдасы да шаш етектен көрінеді. Бұл жөнінде облыстық қан тапсыру орталығы донорды қабылдау бөлімінің дәрігер-терапевті Диана Сағынтаева:

— Қан берген адамның азғасы тазарып, қысымы реттеледі. Донор болуға ықылас білдіргендердің азғасы регенерация үдерістерінің өтуіне байланысты жасарады. Әрі жүрек-қан тамырлар ауруларының алдын алуға көмектеседі. Иммундық жүйе жұмысын да жақсартады. Сонымен қатар, қан тапсыру кезінде арнайы сараптама мен

ащы тағамдар, сүт өнімдерің, спирттік ішімдіктер қолдануға болмайды. Қан тапсыру күні таңертең жеңіл тамаққа қанағаттанып, қант қосылған қара шай ішу қажет. Қан тапсырар алдында кофе ішуге болмайды. Егер донор тамақ іше, ол қан алуға тек 4-6 сағат өткеннен кейін жіберіледі. Қан тапсырғаннан кейін 24 сағат өткен соң ғана ауыр дене еңбегімен, спорттық экстремал түрлерімен айналысуға болады, — деп қан тапсырушың тәртібінмен таныстырды. Өзгенің өмірін сақтап қалу мақсатында өз қаның берген тұрғындарға екі күн жұмыстан босатылуына анықтама берілді. Олардың екі күндік еңбекқисы толығымен сақталды.

Алғаш рет қан тапсыруға келгенін тілге тиек еткен Жұлдыз мұғалім:

— Менің қаным біреудің өмірін сақтап қалса, одан асқан бақыт бар ма? Сондықтан, донор болу — өз еркімен келіп тұрмын. Алпам қуат берсе, алынған 450 мл қанның орны толады, — деп күлді.

Өз тілшіміз

ЖАЗУ РЕФОРМАСЫ



НҰРЗАТ – ЖҮЛДЕГЕРІ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Жезқазған қаласы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі жанындағы «Тілтану» оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен «Латын әліпбиіне көшу – қазақ тілінің жаңа белесі» тақырыбында эссе байқауы өтті.

Кашаннан «Сөзім – өзім» деп сөздің киесің қасиетін кеңінен түсінген қара сөзді қасиет тұтқан халықпыз ғой. Бүгінгі эссе байқауының да негізгі мақсаты – осы, яғни, жасөспірімдерді отансүйгіштікке, патриоттыққа баулу, тарихимызды тіріліп, өткенге болжам жасау, ата-бабамыздан қалған асыл құндылықтарымызды, соның ішінде, асыл тіліміздің айбынын асқақтатып, даққын асыру.

Қазақтың төл дыбыстарын дұрыс айта алмайтын жастар да болды. Байқауға жалпы отыз етінмін келіп тұрды. Біз қазылар алқасымен ақылдаса келе жүйелі, мағыналы эссе иелерін анықтадық, – деді іс-шарада сөз алған «Тілтану» оқу-әдістемелік орталығының бас маманы Ақгүл Ошағанова.

Шара барысында алғашқы болып сөз алған Жезқазған музыкалық колледжінің директоры Жұмат Аманбеков ұйымдастырушыларға алғысын білдіріп, жеңімпаздарды атады. Эссе байқауы қорытындысына сай Рауан Қайрат, Ақниет Асылбек, Қадірғұл Талқанбаева, Анна Маслинникова Ағылс хаттармен марапатталды. Ал, байқаудың ІІІ орнын Камила Жолшареева мен Аружан Жексенбаева, ІІ орнын Рамазан Усенбаев, І орын Нұрзат Оразалы қанжығасына байлады.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ ЖАЙЫ

Жезқазған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің жанындағы «Тілтану» оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен «Қазақ әліпбиінің кириллицадан латын графикасына көшірудің тиімділігі» атты конференция өтті.

Тәуелсіздік алғаннан бергі жылдарда ұлт болашағы, мемлекет келешегі, елдік мәселесіне қатысты өзекті мәселелер күн тәртібіне шығып, оны оңтайлы шешу жолында бірталай талпыныстар жасалғаны, жасалып келе жатқаны белгілі. Мемлекеттік деңгейде көтерілген маңызды мәселелердің бірі – тіл төңірегіндегі түйткілдерді шешу болатын. Қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беру, тілдер туралы Заңның қабылдануы – осы мақсатта жүзеге асқан шаралар болатын. Бүгінгі күн мемлекеттік тіл төңірегіндегі тағы бір маңызды жайтты шешуді алдымызға қойып отыр. Ол – қазақ жазуын латын графикасына көшіру, осыған байланысты қазақ тілінің ерекшеліктерін ескере отырып, жаңа орфографиялық ережені қолданысқа енгізу.



Месе мекеме атын қоярда олардың қысқартылып айтылуының халыққа қолайлы болуы керектігін тілге тиек етті. Конференция барысында одан әрі «Тілтану» оқу-әдістемелік орталығының оқушысы Ақгүл Ошағанова «Латын әліпбиіне көшу – тіліміздің жарқын болашағының кепілі» тақырыбында баяндама жасап, латын әліпбиіне жезқазғандық тұрғындар арасында кеңінен дәріптеу мақсатында атқарылып жатқан жұмыстармен таныстырды.

Жақында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің твиттер парақшасында латын қарпіне негізделген жаңа қазақ әліпбиінің жобасында олқылықтар барын айтып, тіл саясатына жауапты Мәдениет және спорт министрлігіне әліпбиді жетілдіру туралы тапсырма бергенін жазды. Рас, соңғы ұсынылған нұсқадағы олқылықтар көзге оғаш көрінбесе де, қоғамда екі жақты көзқарас тудырған тұстары бар және ол нақты қазақ тілінде белсенді қолданылатын дыбыстарды таңбалауға қатысты болып тұр.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

ТІЛ ТАҒДЫРЫ – ЕЛ ТАҒДЫРЫ

АНА ТІЛІМ – ҚАЗЫНАМ

Тіл – адам баласының басты қазынасы болғандықтан тіл байлығы елдің елдігін, жұртшылығын, ғылымы мен әдебиетін, өнеркәсібін, мәдениетін, қоғам құрылыстары мен салт-санасының, жауынгерлік дәстүрінің қай дәрежеде екенін танытатын дәлелді көрсеткіші.



Тілі мен ағылшын тілін қажетіне қарай үйренеміз керек. Бүгінде ағылшын тілі бастауыш сыныптардан бастап оқытыла бастады. Бұл өте дұрыс қадам. Себебі, бала жастайынан тілді базалық деңгейде білсе, болашақта кәсіби деңгейде үйреніп алуына мүмкіндік туады. Қазақ мектебінде оқыған жас қалада тұрғаннан кейін орыс тілін де білетіні айдан анық. Сонымен қатар, ағылшын тілі тереңдетіліп оқытылғаны құптарлық дүние.

Тілі мен ұлтты танытатын басты белгі. Ана тілі – әр адамға ананың ақ сүтімен бойға жетіп, ананың әлдімің бесік жырымен құлаққа сіңіп, атадан-бабаға жетіп отыратын ұлы күш. Ана тілі – ұрпақ тәрбиесінің перменді құралы, рухани байлықтың баға жетпес байлығы, қуатты қайнар бұлағы. Ана тілі – халықтың өткен ұрпағы, қазіргі және келешек ұрпағы арасындағы тарихи жалғастықты жүзеге асыратын бірден-бір сенімді құрал.

Алина ТИЛЛАХАНОВА, жас маман

Қай кезеңде болмасын, көп тілді меңгерген халықтар мен ұлттар алдыңғы қатарлы елдің қатарына кіріп, өзінің коммуникациялық және интеграциялық қабілетін кеңейтіп отырғаны тарихтан белгілі. Қазіргі таңда өлеңнің алпауыт мемлекеттері көп тілді, әсіресе халықаралық тілдерді меңгеруді маңызды міндет деп санайды. Сондықтан біз де өз халқымыздың қарыштап дамып, өркендеткен кеңже қалмау үшін көп тілді меңгеруіміз қажет.

ЖҮЙРІКТЕР ОЗҒАН КҮН



Қай заманда, қай кезде болсын, бірнеше тілді меңгерген халықтар өзін-өзі коммуникациялық және интеграциялық қабілетін кеңейте отырып, ел іргесінің тыныштығы мен бейбітшілігін басты назарда ұстаған. Бүгінгі таңда Қазақстан үшін үш тұғырлы тіл – елдің бәсекеге қабілеттілігіне ұмтылуындағы бірінші қадамы. Өйткені, бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаза да білетін қазақстандықтар өз елінде де, шетелдерде де бәсекеге қабілетті тұлға айналады.

Тілдердің үш тұғырлығы саясатын жүзеге асыра отырып, қазақ халқына бұл жаңашылдықтың астарында ел азаматтарының мемлекеттік тілді білуі ғана емес, сонымен қатар, өркеніетті әлем елдерімен терезесін теңестіру үшін басқа да тілдерді меңгеру міндеті тұрғанын жеткізу мақсатында қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі осы тақырыпқа қалам тербеген зиялы қауым өкілдеріне арнап «Үздік мақалалар» сайысын өткізуді дәстүрге айналдырды.

Халқымызда қалыптасқан алдыңғы толқынға құрмет көрсету дәстүрі бойынша «Айшықтық қолтаңба» деп аталған аталымды жыр өлемі мен сөз өнерінде өзіндік қолтаңбасын қалыптастырған аға бұрын өкілдері Батырбек Мырзабековке, Мұса Тілеуов пен Сара Смағұлға, Кенжебай Ахметов пен Назие Ештанаевқа, Амандық Рахұлы мен Сәуле Нурекеноваға, сонымен қатар, ақындар Жақсылық Омароққа, Светлана Жумкинаға, Дәуренбек Буланбаев пен Гүлсім Айдарбековаға марапат ұсынды.

Тілі мен ұлтты танытатын басты белгі. Ана тілі – әр адамға ананың ақ сүтімен бойға жетіп, ананың әлдімің бесік жырымен құлаққа сіңіп, атадан-бабаға жетіп отыратын ұлы күш. Ана тілі – ұрпақ тәрбиесінің перменді құралы, рухани байлықтың баға жетпес байлығы, қуатты қайнар бұлағы. Ана тілі – халықтың өткен ұрпағы, қазіргі және келешек ұрпағы арасындағы тарихи жалғастықты жүзеге асыратын бірден-бір сенімді құрал.

«Ұлты ауданы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бас маманы Құрмет Тілеулинов бас жүлдені жеңіп алды. «Үздік мақалалар» сайысына белсенді қатысқандар «Шабыттандыру» номинациясымен аталып өтсе, жүлделі ІІІ орын ұстаздар Торғын Түсіпова мен Гүлім Сағындықызы, мәдениет саласының қызметкері Айнаш Бегіме тапсырылды. Еңбек ардагері, тіл жанышары Болат Қайырбекулы мен Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті «Рухани жаңғыру» орталығының жетекшісі Арман Кенжебек ІІ орыннан көрінсе, Абдолла Дастанов І орын иегері атанды.

Бота ШАЛҚАР Суреттерді түсірген Фалия ӘБДИҒАППАРОВА

ЖАЛПЫ ОҚУМЕН ҚАМТУ ҚОРЫ

есебінен жезқазғандық оқушыларға көмек ұсынылады

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысына сәйкес Мемлекеттік білім беру мекемелерінің мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларына негізделеді.



Әлеуметтік жағынан қорғалмаған оқушыларға көрсетілетін қолдаудың бұл түрі қалай жүзеге асырылатынына кеңірек тоқталсақ. Әлеуметтік қорғалмаған оқушыларға көмек беру ата-аналардың немесе оларды алмастыратын адамдардың өтініші негізінде жүзеге асырылады. Жалпы оқумен қамту қорынан келесі санаттағы оқушылар ғана көмек алады:

Жезқазған қаласында жалпы оқумен қамту қорының қаржысы мектептерді ұстап-қутуге жұмсалған шығындардың 4,6 пайызын немесе 128 млн 531 мың теңгені құрайды. Оның ішінде: – Тегін ыстық тамақтануды ұйымдастыруға – 82 млн 279 мың теңге. Бүгінгі таңда тегін ыстық тамақпен аз қамтамасыз етілген отбасылардан барлығы 1490 оқушы қамтамасыз етілген. – Мектеп жанындағы жазғы лагерлер – 20 млн 808 мың теңге. 2000 бала қамтылды. – Қаржылық қолдау көрсету мақсатында 25млн 444 мың теңге бөлінді. Жыл соңына дейін аз қамтамасыз етілген отбасындағы 1240 баланың арқайысына 26 123 мың теңге көлемінде қаржылай көмек көрсетіледі.

Айгүл ҚҰДАБАЕВА, Жезқазған қаласы білім бөлімі басшысының орынбасары

ТЕАТР

«КӨРЕСІҢДІ КӨРМЕЙ...»

көрерменін тапты

Қаламыздағы басты өнер ошағы С.Қожамқұлов атындағы Жезқазған қазақ музыкалық драма театрында белгілі жазушы, драматург Лидия Егембердиеваның «Көресіңді көрмей...» спектаклі сахналанды.



Спектакльдің режиссері – Ұлан Ахметов. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының лауреаты Жанат Хаджиевтен режиссураның қыр-сырын жетік үйренген Ұлан жастайынан Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» студиясында жұмыс істеп, кино өнерімен танысады. 2005 жылы Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясына түсіп, режиссура саласын меңгерген ол Жанат Хаджиевпен қатар Айдос Бектеміров, Минура Ақмаржанова, Сағызбай Қарабабин сияқты өнер мейталмандарынан дәріс алады. Оқуын аяқтай салысымен алғашқы жұмыс орны «Қазақфильм» студиясына қайтып оралады. Одан әрі театр саласында бақ сынап көргісі келген Ұлан Талдықорған қаласындағы Б.Римова атындағы драма театрына жұмысқа орналасып, режиссуралық қырын сынап көреді. Бүгінге дейін Мұхамбетқали Хасеновтің «Пай, пай, жас жұлбыларай!», Бердібек Соқпақбаевтың «Тапқыр Қожанасыр», Рақымжан Отарбаевтың «Ұйық», Фабит Мүсіреповтің «Ақан сері – Ақтоқты», Лидия Егембердиеваның «Жұмақ маған бұйырмас», Тынымбай Нұрмағанбетовтің «Бес бойдаққа – бір той» спектакльдерін қойған оның жетістіктері де аз емес. Мысалы, ол қойған «Ұйық» спектаклінің әртісі Ақтау қаласында өткен Рақымжан Отарбаев атындағы Халықаралық театрлар фестивалінде «Үздік спектакль», «Үміт» және «Екінші пландағы үздік әйел рөлі» номинацияларына ие болды. Сондай-ақ, Тұңғышбай Жаманқұловтың «Эл-Тарази Таразға шақырады» атты фестивалінде «Арманшылдар» спектаклінде де бір әртісі «Дебиот» номинациясына иеленді. 2013 жылы Ресейдің Мәскеу қаласына барып, білімін жетілдіріп келген ол қазіргі таңда Алматы облысы, Көксу ауданындағы Мұқыр халық театрында режиссер болып қызмет атқарады.

«Көресіңді көрмей...» спектакліне қатысты мен өз нұсқамды қағазға түсіріп алып келгенім. Бірақ, әртістер қауымымен ойласа келе, олардың пікірлеріне құлақ аса отырып, өзгертулер енгіздім. Спектакльді дайындауға бір ай уақыт кетті. Бүгінгі спектакль өзіме де қызық болып отыр. Себебі, мен бұрын мелодрама жанрында қойылған қойып көрген емеспін. Спектакльдің Лидия Егембердиева жазған нұсқасына сәл өзгертулер енгіздім. Мелодрама екенін ескере отырып, көрерменді жалықтырмай алау мақсатында режиссуралық бейне «даяшы» образын қостым. Мен бұл спектакльдің негізгі мазмұнын қарттың қосылуымен аяқтағанды жөн көрдім. Неге десеңіз, мен кинода да актер ретінде рөлдер сомдайын. Сондай бір жобада әкесін қарттар үйіне әкеліп тастаған жағмырсыз кейіпкер – тасжүрек ұл образын сомдайын. Сонда менің өкемнің рөлін бір қария асқан шеберлікпен ойнап шықты. Оған таңғала қарайтынмын. Бірақ, үнемі көзінен бір

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

ЗҰЛЫМДЫҚ пен МЕЙІРІМДІЛІК ҚАҚТЫҒЫСЫ

жаңа спектакльге арқау болды

Баланың ақыл-ойы, түсінік пайымын дамытуда қуыршақ театрының ықпалы өрекше. Осы мақсатта қаламыздағы басты өнер ордасы С. Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалық драма театры сахнасында Евгений Лебедевтің «Еркіндік мекені» қойылымы сахналанды. Иесіз, үйсіз-күсіз қаңғыбас иттердің өмірін суреттеген спектакльде Иттердің көсемі Қараны – Валерий Попов, Маңғазды – Светлана Тихонова, Ақсақты – Гүлнұр Асылбекова, Крошканы – Лаура Байдешова, Оқымыстыны – Наталья Попова, Таксаны – Рысқұл Исмаилова, Байлаулы мен Жаңа таныстыны – Гүлім Молдабергенова және мысық Ямомотоны – Ирина Федосенко ойнайды. Спектакльдің қоюшы режиссері – Жасұлан Түсіпбеков. Ал, қоюшы суретші – Жұмабай Сәрсенов.



Біздің бұның алдындағы спектакльдеріміздің көбісі 5-6 сынып оқушыларына арналған болса, бұл спектакльді жоғары сынып оқушыларына да көрсетуге болады. Көбіне балаларға арналған спектакльдердің соңы жақсылықпен қуанышпен аяқталып жатады ғой. Ал

бұл жолы иттердің барлығы дерлік ит аулаушылардың қолына түсіп өлім құшады. Тек Маңғаз атты ит қана жақсы иеге жолығып, аман қалады. Тігінші Ольга Федосенкомен бірлесіп отырып, жануарлардың, әсіресе, иттердің образдарын олардың мінез-құлқына сай заманауи

үлгіде бейнелегенді жөн көрдік. Бұл спектакльдің ой салар балаларды жанашырлыққа, мейірімділікке, жауапкершілікке тәрбиелеуде маңызы зор деп білеміз – дейді актриса Рысқұл Исмаилова. Көрермендер арасында бір сағат бұрын ерте келіп, спектакль сеансын асыға күтіп отырған әкесі мен қыздары көзге түсті. – Менің үлкен қызым Дәрияның жасы – бесте, кішім Айша екіге жақында толды. Бұл біздің театрға бірінші рет келуіміз емес. Әрбір қойылымды, әсіресе, қуыршақ театрының спектакльдерін асыға күтеміз. Балаларымыз бойына бала күннен жақсы тәрбие сіңіргім келеді. Ал тәрбиенің бұлағы – ол театр. Сол себепті әлі кішкентай болса да оларды мұнда жиі әкеліп тұрамын. Қыздарым да театр қойылымдарын асыға күтеді. Кейін оны бірлесіп талқылаймыз. Бұл олардың ой өрісіне маңызды әсер етеді, – деді көрермен Ермаң Қасымбеков қуыршақ театры ұжымына алғысын білдірді.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

ЖАТ АҒЫМНАН САҚТАНДЫРДЫ



Семинар-тренинг басында журналист Жұлдыз Төлөудің «Жусан иісі» деректі фильмінен үзінділер көрсетіліп Жезқазған-Ұлытау аймағы бойынша тараған теріс ағымдар жайы және олардың біздің қоғамымызға тигізер қауіп жайлы сөз етілді.

Бүгінгі семинар-тренинг кешке дейін жалғасады. Жезқазған, Сәтбаев қалалары Қазақстан бойынша да деструктивті ағым өкілдері өте жиі шоғырланған аймақ екендіні көпке белгілі. Өз сенімдеріне байланысты балаларын мектептен шеттеткен ата-аналар да аз емес. Біз олармен үздіксіз байланысты орнатып отырмыз. Тіпті, сот қарауына ұсынылған жайттар да бар. Осыған байланысты бүгінгі шараға елімізге белгілі психолог мамандары арнайы шақырылды. Олар қала педагогтері мен психологтеріне

Қаламызда өткен жылдың 17 қазанында жұмысын бастаған «Шанс» халыққа әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету орталығының ұйымдастыруымен «Деструктивті діни ұйымдардың құрбандарымен жұмыс. Жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқының алдын алу» тақырыбында семинар-тренинг өтті. «Құқық» қоғамдық қорының басшысы Ольга Рыль, халықаралық психология ғылымдары академиясының корреспондент мүшесі және психология ғылымдарының докторлары Наталья Фененко, Құралай Алина және Жезқазған қалалық білім бөлімінің тәрбие секторының меңгерушісі Гауһар Жақыпбекова дәріс оқыған семинар-тренингке қала мектептерінің оқу және тәрбие ісіне жауапты педагогтері мен психологтері қатысты.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН
Суретті түсірген
Ғалия ӘБДИҒАППАРОВА

ҰЛТТЫҚ ӨНЕР

ҚОЛӨНЕР ШЕБЕРІ ҚҰРМЕТТЕЛДІ

Жезқазған білім және инновация лицейінде лицей директоры Диас Жүмәділовтің бастамасымен «Ұлытау» қорық-музейінің сәулет бөлімінің қызметкері Сәрсенбай Қотыршаев туралы жазылған «Еңбегі адал ұста» кітабының тұсаукесер рәсімі өтті.



1950 Жаңаарқа ауданы, Атасу көнітінде дүниеге келген Сәрсенбай Қотыршаев 1957 жылы алғашқы еңбек жолын жүк тиеуші және қойшы болып бастаған. Содан бері бүгінге дейін он сегіз мекемеде құрылысшы, ағаш шебері, темір ұстасы қызметтерін атқарған ол әр жылдары Халық емісі Бақберген Аяшевтің, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы төрағасының, Қарағанды облыстық мәдениет департаментінің, «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясы Ұлытау аудандық филиалы төрағасының Алғыс хатымен, Қарағанды облысы ауыл шаруашылығы және қайта өңдеу ұйымдары қызметкерлері кәсіподағының, Ұлытау ауданы әкімінің «Құрмет грамотасымен» марапатталған.

– Сәрсенбай ағамыз – Ұлытаудың сүйген нағыз азамат. Алтын қолды шебер өз талантын Ұлытаудың игілігіне жұмсаудан жалыққан емес. Ол 2006 жылы Терісаққан ауылына мешіт салып, барша жамағаттың батасын алды. 2010 жылдан

«Ұлытау» қорық-музейінде қызмет етіп келе жатқан ол Әулиетауға тағзым етушілерге арнап «Тағзым үйін» салды. 2011 жылы ашылған қайта жөндеу ұстананаханасында да темірден түрлі тұрмыстық бұйымдар, қоршау шарбақтары, терезе торларың саты жақтауларың жасайды. Сонымен қатар, Келінтам, Талмас ата мазары, Теректі көшені, Шотқара, Басқамыр, Аяққамыр ескерткіштеріне де жөндеу жұмыстарын жүргізді. Оның таңқалдырарлық кеңпейілділігі де өзеше. Мысалы, жиырма бес жыл ішінде қан тапсыру орталығына донор ретінде ақысыз елу литрден астам қан тапсырғаны кім-кімді де ойландырмай қоймасы анық. 2017 жылы өткен «ЭКСПО-2017» көрмесіне

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

ОЮ-ӨРНЕК ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ

Ою-өрнек арқылы оқырмандардың ой - өрісін, білімін жан - жақты дамыту, халқымыздың асыл мұраларың, салт-дәстүрің, өнерін құрметтеуге тәрбиелеу, эстетикалық тәрбие беру мақсатында балалар мен жасөспірімдер кітапханасының «Кермет шеберхана» үйімесінде «Қазақтың ұлттық қолөнері» атты танымдық сағат өтті.



Шараға №3 жалпы білім беретін мектебінің 4 «Ә» сынып оқушылары мен сынып жетекшісі М.Сұлтанова және кітапханашы Б.Х.Жылтырғөзова қатысты. Кітапханашы А.Смағұлова балаларға қазақ халқының ұлттық қолөнері жайлы әңгіме жүргізіп, ою-өрнектің түрлері туралы айтып, кітапхана қорындағы М.Өмірбекованың «Қазақ халқының дәстүрлі өнері» атты кітабына тоқталды. Шарада балалар тек ою техникасын ғана меңгеріп, осы өнерге қатысты қолөнер саласында ұмыт болған сөздермен танысты. Кітапханашы А.Жартыбаева балаларға фетр матадан әмиян жасауды көрсетіп, ою-өрнекпен безендіруді үйретті. Балалар қызығушылық танытып, өз қолдарымен ою-өрнек жасап, әмияндарына жаздырды. №3 мектептің кітапханашысы Б.Жылтырғөзова өз сөзінде мұндай іс-

шаралар оқушылардың рухани өрісін мен дүниетанымын арттырады деп, кітапханашыларға өз ризашылығын білдірді. Шара соңында балалар да қуаныштарың жасырмай, ризашылықпен естелік суретке түсті.

Жаннел ДОСЕТОВА,
Балалар мен жасөспірімдер кітапханасының кітапханашысы

КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫҒА ЖӘРДЕМАҚЫ

(жаңа алушылар)

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап құрамында бірге тұратын кемелетке толмаған төрт және одан көп балалары, оның ішінде кемелеттік жасқа толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалары бар отбасы ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы (көп балалы отбасы үшін жәрдемақы) алуға құқылы.

ЖӘРДЕМАҚЫ МӨЛШЕРІ:

- 42496 4 балаға теңге (16,03 АЕК);
- 53127 5 балаға теңге (20,04 АЕК);
- 63757 6 балаға теңге (24,05 АЕК);
- 74388 7 және одан жоғары теңге (28,08 АЕК).

ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР:

- жеке басын куәландыратын құжат;
- баланың (балалардың) туу туралы куәлігі (куәліктері) немесе туу туралы актілік жазбадан үзінді көшірме;
- балаға қорғаншылық (қамқоршылық) белгіленген немесе бала асырап алынған жағдайда – балаға қорғаншылық (қамқоршылық) белгілеуді немесе бала асырап алуды растайтын құжат;
- көрсетілетін қызметті алушының деректері баланың туу туралы куәлігіндегі деректермен сәйкес келмеген жағдайда – неке күйі (бұзу) туралы куәлік;
- өтінішті және қажетті құжаттарды үшінші тұлғалар берген жағдайда-сенімжат;
- банктік шот нөмірі (ұсыну үшін).

Бірлесіп тұру фактісі «Жеке тұлғалардың мемлекеттік базасы» АЖ автоматты түрде расталатын болады.

Өтінішті және өзге де құжаттарды қабылдау

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МК» КЕАҚ (ХҚО)

арқылы жүзеге асырылады.

Жезқазған шаһарының жылнамасы

1999 жыл
Металлургтер алаңына академик Қ.Сәтбаевтың ескерткіші қойылды.

15 маусымда Жезқазған қалалық мексикалық шешімен Металлургтер алаңы Қ.Сәтбаев алаңы болып өзгертілді.

Орталық Азия университетінің Жезқазғандағы филиалы ашылды. Республикалық «Отан» партиясының қалалық бөлімшесі құрылды.

Жезқазған қаласы әкімдігі мен Ө.А.Байқоңыров атындағы университеттің ұйымдастыруымен Жезқазғанда суретшілердің Халықаралық симпозиумы басталды. «Шашу» балалар би ансамблі Болгариядағы Халықаралық фестивалге барып, бас жүлдені жеңіп алды.

Италияның Венеция қаласында XII Әлем чемпионатында жезқазғандық Нұржан Ербосынов Әлем чемпионы атағын жеңіп алды.

Жезқазған қаласының мемлекеттік мұрағаты Тәуелсіздік күні мерекесі қарсаңында жергілікті баспаханадан желтоқсан көтерілісінің 13 жылдығына арналған «Жезқазған Желтоқсан – 1986 жыл» атты жаңа кітап басы шығарды.

1999-2000 оқу жылы «Айналайын» балабақшасы «Қаланың үздік балабақшасы» атанды.

2000 ЖЫЛ
Жезқазған университеті бірінші электрондық бағдар-

ламалық жүйеге көшті.

«Темірбанк» ашық акционерлік қоғамы филиалы ашылды.

Мамыр айында қала әкімінің шешімі бойынша «Белгілі тұрағы жоқ адамдарды әлеуметтік бейімдеу» орталығы ашылды.

16 маусымда «Қазымқұрылыс» АҚ жабылды. 28 шілдедегі Жезқазған қалалық мексикалық № 6/67 шешімімен қаламыздың солтүстік батысындағы 6-шағынауданда орналасқан Советская көшесі халық жазушысы І.Есенберлиннің құрметіне өзгертілді.

11 желтоқсанда Ө.А.Байқоңыров университетінде филология, көркем сурет және графика факультеттері негізінде «Филология және өнер институты» құрылды.

Жезқазған педагогикалық училищесі Жезқазған гуманитарлық колледжі болып қайта құрылды. С.Сейфуллин атындағы қалалық әмбебап кітапхана жанынан жергілікті ақын-жазушылардың «Ақ жол» әдеби клубы ашылды.

Жезқазған қарттар мен мүгедектер үйі жанынан психикалық сырқаты бар жандарға арналған бөлімше ашылды.

Бұрынғы Жезқазған педагогикалық институтының 25 жылдығы құрметпен аталып өтті.

Шілдеде Жамбыл облысында «Қазақмыс» корпорациясына қарасты «Шатырқөл» руднигі іске қосылды.

Жезқазған қалалық мемлекеттік архиві деректері негізінде әзірленді

АТАУЛЫ КҮН

29 ҚАРАША – ТАРИХТА

- 1994 жылы 29 қарашада Алматыда Қазақстандағы үнді әдебиетінің күндері басталды.
- Ал 1995 Алматы сауда-қаржы банкі құрылды.
- 2007 жылы Атырауда Қазақстанның халық жазушысы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, филология ғылымдарының докторы, профессор Зейнолла Қабдолов атындағы музей ашылды.
- 1899 жылы дәл осы күні өзінің «Барселона» футбол клубы құрылды.
- Ресейде 29 қараша – «Е» өрлігі күні.
- Ал Украинада бұл күн – қарызды қайтару күні.

